

«Бекітілді»

КМҚК №29 «Нурсая» бөбекжай-бақшасы

№1 педагогикалық кеңесте

25 тамыз 2020 жыл

Шешімі негізінде №52 бұйрық



**2020-2021 оқу жылына арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқу бағдарламасын
іске асыру бойынша жылдық перспективалық жоспары
Ортаңғы №8 «Ақкөгершін» тобы**

Ортаңғы топ 2020 жыл қыркүйек айы

Өтпелі тақырып: «Балабақша»

Мақсаты: мектеп жасына дейінгі балалардың жас ерекшеліктері мен жеке мүмкіндіктеріне сәйкес білім, білік, дағдыларын қалыптастыру. Рухани-адамгершілік құндылықтарына баулу.

Міндеттері:

- Денсаулық сақтау технологиялары негізінде балалардың қозғалыс белсенділіктерін дамыту;
- Инновациялық әдістер мен технологияларды қолдана отырып, әлеуметте қарым-қатынас жасау үшін тілді игеру және коммуникативтік дағдыларын дамыту;
- Интеллектуалдық қабілеттерін, логикалық ойлауын және қоршаған ортаның біртұтастығы туралы білімдерін жетілдіру;
- Шығармашылық қабілеттерін және эстетикалық талғамдарын дамыту;
- Қоршаған ортаға жағымды мінез-құлық пен қарым-қатынас дағдыларына баулу

Апта	Тақырып	«Денсаулық»-3 Дене шынықтыру-3	«Қатынас»-2 Сөйлеуді дамыту-1 Көркем әдебиет-0,5 Орыс тілі-0,5	«Таным»-2,5 Математика негіздері-1 Құрастыру-0,5 Жаратылыстану-1	«Шығармашылық»-3 Сурет салу-1 Мүсіндеу-0,25 Жапсыру-0,25 Музыка-1,5	«Әлеумет»-0,5 Қоршаған ортамен танысу-0,5
1. апта	Менің балабақшам	1.Дене шынықтыру Тақырыбы: «Спортзалмен таныстыру» (негізгі қимылдар) Негізгі қимылдар: бір қатарға сапқа тұру. Сап түзеп бір қатармен жаяу жүру. Мақсаты: саусақ гимнастикасын қолдана отырып, дене жаттығуларын орындауға қызығушылықтарын қалыптастыру Ойын:«<i>Маған қарай жүгір</i>». 2.Дене шынықтыру Тақырыбы:«Спортзалда ойнаймыз» (негізгі қимылдар) Негізгі қимылдар: шеңбер құрып сапқа тұру. Сапқа тұрып берілген белгі бойынша тоқтап, бір қатармен жаяу жүру. Мақсаты:денсаулық сақтау технологиясын және ойын және тыныс алу гимнастикасын қолдану арқылы балалардың дене шынықтыру жаттығуларын орындауға қызығушылығын қалыптастыру және қызығушылығын дамыту. Ойын:«<i>Ең жылдам</i>» 3.Дене шынықтыру Тақырыбы: «Қуыршақтар дене шынықтыруды ұнатады» (<i>таза ауада</i>) Негізгі қимылдар: сапқа бір қатар болып тұру, сапта бір қатармен жүру және жүгіру. Тепе-теңдікті сақтап қуыршақты қолда ұстап, баспалдақпен төбешікке (горка) көтерілу, тұтқаларынан ұстамай, төмен қарай отырып сырғанау. Мақсаты:денсаулық сақтау технологиясын қолдану арқылы балалардың дене шынықтыру жаттығуларын орындауға қызығушылығын қалыптастыру және қызығушылығын дамыту. Ойын:«<i>Күлше нан</i>».	Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: «Топпен таныстыру» (саяхат). Мақсаты: Балаларды балабақша өмірімен, топ бөлмесімен таныстыру, ондағы жиһаз атауларын атауға, олардың қызметін сипаттап беруге үйрету, тәрбиешінің сұрақтарына жауап беріп, диалогтік сөйлесуге дағдыландыру. Топтағы жиһаздарды ұқыпты ұстауға тәрбиелеу. Көркем әдебиет Тақырыбы: «Күз» (өлең) Мақсаты: күз туралы білімдерін тиянақтау. Адамдар еңбегіне құрмет сезімін тәрбиелеу. <i>Ырыс, құт-береке, молившылық</i> сөздерінің мағынасын түсіндіру, сөздік қорын молайту. Байланыстырып сөйлеу тілін, көркемдік талғамын, қимыл-қозғалысын дамыту.	Математика негіздері Тақырыбы: «Біреу, көп, бір-бірден, бірде- біреуі жоқ» Мақсаты: заттарды «біреу», «көп», «бір - бірден», «бірде- біреуі жоқ» түсінігі туралы ұғымдарын қалыптастыру. жұмбақ шешуді үйрету; шыдамдылыққа және қызығушылыққа тәрбиелеу Жаратылыстану Тақырыбы: «Міне, осындай алтын күз!» Мақсаты: Балалардың санасында күз маусымында жанды және жансыз табиғатта болатын алғашқы өзгерістер туралы түсінік қалыптастыру. Ауа райы жағдайын анықтау; бақылау қабілетін дамыту; қарапайым экологиялық мәдениет қалыптастыру.	Сурет салу Тақырыбы: «Сиқырлы таяқша» Мақсаты: Балаларды қағаз түрлерімен және түрлі түсті қарындаштармен таныстыруды жалғастыру. Сурет салуға қызығушылықтарын арттыру, қарындашты оң қолмен ұстауға үйретіп жаттықтыру. Шығармашылық қабілеттерін дамыту, дөңгелек, таяқшаларды салуға үйрету. Ұқыптылық пен тазалыққа тәрбиелеу. 1.Музыка Тақырыбы: «Бақшаға келемін» Мақсаты: Балабақша туралы әңгімелеу. Бірінің артынан бірі жүру барысында би ырғағын, музыканың би сипатын игеруге үйрету. Музыка тыңдау: «Сәби қуанышы» Е.Хасанғалиев. Ән айту: «Топ-топ, балақан» М. Арынбаев Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар: «Достастық» беларус халық әуені, Р. Рустамов. «Кел, балақан» К. Қуатбаев, Мүсіндеу Тақырыбы: «Доп» Мақсаты: Ермексаздың қасиеттерімен танысу дағдыларын жетілдіру. Доп туралы жалпы түсініктерін кеңейту, ермексаздан жұмыр пішінді ойыншық доп жасауды үйрету; қол қимылының үйлесімділігін, домалақ пішіндерді жасауды дамыту. Ермексаздан мүсіндеуге қызығушылығын тудыру	Қоршаған ортамен танысу. Тақырыбы: «Балабақша – біздің екінші үйіміз» Мақсаты: Балабақшаның отбасына ұқсайтынын көрсету, балабақша қызметкерлерінің мамандықтары туралы білім беру (медбике, аспаз); ересектердің еңбегін бағалай білуге тәрбиелеу. Балалардың бір-біріне деген мейірімді қарым-қатынасын тәрбиелеу; балалардың жағымды көңіл –күйлерін дамыту.

2. апта	Менің достарым	1.Дене шынықтыру Тақырыбы:<i>«Қоянмен бірге ойнаймыз»</i> Негізгі қимылдар: екі аяқпен секіру (аяқты қосып секіру және екі жаққа алшақ қойып секіру). Шеңбер бойына сапқа тұрып жаяу жүру. Мақсаты:денсаулық сақтау технологиясын және «Қояндар» саусак гимнастикасын қолдану арқылы балалардың дене шынықтыру жаттығуларын орындауға қызығушылығын қалыптастыру және қызығушылығын дамыту. Ойын: «Қияр». 2.Дене шынықтыру Тақырыбы:<i>«Доппен танысамыз»</i> Негізгі қимылдар:бір-біріне допты домалату (аяқты алшақ қойып отыру, арақашықтық – 1 метр). Екі аяқпен ептілікпен секіру (аяқты қосып секіру және екі жаққа алшақ қойып секіру). Мақсаты:«Қыздар және ұлдар» ойын-жаттығуын қолдану арқылы балалардың дене шынықтыру жаттығуларын орындауға қызығушылығын қалыптастыру және қызығушылығын дамыту. Ойын: «Тыиқандар». 3.Дене шынықтыру Тақырыбы:<i>«Қонжықпен бірге ойнаймыз» (таза ауада)</i> Негізгі қимылдар: сызық үстінен екі аяқпен секіру, кедергілер арасынан жүру және жүгіру. Мақсаты:екі аяқтап секіру дағдысын қалыптастыру. Ойын: «Допты домалат».	Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: «Шұбар тауық» ертегісі. Мақсаты:Балаларға ертегі мазмұнының әңгімелеп беру. Ересектердің айтқанын тыңдап, түсіне білуге, сұрақтарына жауап беруге үйрету. Есте сақтау қабілеттерін дамыту және сөздік қорларын молайтып, байланыстыра сөйлеуге дағдыландыру. Ертегі мазмұны арқылы бір-біріне қамқор болуға, сыйластыққа тәрбиелеу. Орыс тілі Тема: «Знакомство, приветствие» Цель: Научить здороваться и прощаться на русском языке, применять их в повседневной жизни. Упражнять в правильном произношении гласных звуков. Воспитывать интерес говорить на русском языке.	Математика негіздері Тақырыбы: «Таңертең. Біреу-көп» Мақсаты: таңертең (таң) – тәулік бөлігімен таныстыру; заттың санымен (бір-көп) таныстыруды жалғастыру; жұмбақтарды шешуді үйрету; заттарды айналасындағы бірдей бір және көп затты таба білу дағдысын дамыту. Шыдамдылыққа және қызығушылыққа тәрбиелеу Жаратылыстану Тақырыбы: «Бақшадағы көгөністер» Мақсаты: Көгөністерді тану және олардың атауын білу қабілетін дамыту; бау-бақша дақылдарын өсіру туралы түсінігін кеңейту. Балалардың ойлау қабілетін күшейту. Танымдық қызметке деген қызығушылығын ояту. Құрастыру Тақырыбы:«Жаяу жүргіншілерге, мәшинелерге арналған кең және тар жолдар» Мақсаты: әртүрлі түстегі және пішіндегі бөлшектен қарапайым құрылыстар құрастыру, бөлшектерді орналастыру, кірпіштерді қалау тәсілдерін қолдана отырып, пластиналарды тігінен және кірпіштерді көлденең орналастыру арқылы құрылыс материалдарынан тар және кең жолдарды құрастыра білуге үйрету.	Сурет салу Тақырыбы: «Түзу жолда, мен жүремін тура». Мақсаты:Балалардың бояумен сурет салуға қызығушылықтарын арттыру. Қылқаламды оң қолдарына ұстап сурет салуға жаттықтыру, саусақтың ұсақ бұлшық еттерін дамыту. Жолақ «жолдарға» бояуды біркелкі жаға білуге дағдыландыру, қағаз бетіне кеңістікті бағдарлауға үйрету. Іздің әртүрлі пішіндерін байқату. Ұқыптылыққа, әдемілікке тәрбиелеу. 1.Музыка Тақырыбы: «Бақшаға келемін» Мақсаты: Түрлі сипаттағы әндердің мазмұны мен көңіл күйін қабылдауға, ересектермен бірге ән салуға баулу. Балалардың музыкаға деген құштарлығын арттыру, балабақшасы туралы ән айтуға үйрету, ойын-қимыл арқылы ырғақты сезіндіру. Ән тыңдау: «Балабақша бағында» С. Кәрімбаев Ән айту: «Балабақша» Б.Бейсенова Әуенді-ырғақты қимылдар: «Көңілді би» 2.Музыка Тақырыбы: «Менің добым» Мақсаты: Пьесаның көңілді мазмұнына эмоциялық көңіл күй таныта білуге, дыбыстаудың бірыңғай күшімен бірдей қарқында ән салуға дағдыландыру. Допты қолдана отырып әуенмен бірге би қозғалыстарының қарапайым элементтерін орындауға үйрету.	
---------	----------------	--	---	--	--	--

3. апта	Сүйікті ойыншықтарым	1.Дене шынықтыру Тақырыбы: «Балақайлар» Негізгі қимылдар: 4 метр қашықтыққа тіке бағытта еңбектеу. Аяқтарын алшақ ұстай отырып допты бір-біріне домалату, арақашықтық – 1 метр. Мақсаты:төрттағандап еңбектеу дағдыларын қалыптастыру. 1 метр қашықтыққа аяқтарын алшақ ұстай отырып допты бір-біріне домалату әдісін бекіту, допты қолмен лақтыру күшін дамыту. Көз өлшемін, төзімділікті дамыту, достық қарым-қатынасқа, бірлесе ойнауға үйренуге тәрбиелеу. Ойын: «Шеңберге шапшаң тұр». 2.Дене шынықтыру Тақырыбы:«Марғаулар» Негізгі қимылдар: ені – 25 см, ұзындығы 2,5 метр тіке жолмен жүру. Кез келген бағытта еңбектеу. Мақсаты:тура жолмен жүру дағдысын қалыптастыру. Ойын: «Орныңды тап!». 3.Дене шынықтыру Тақырыбы:«Әжемнің ауылында» (таза ауада) Негізгі қимылдары: ені – 20 см, ұзындығы 3 м ирек жолмен жүру. Допты бір-біріне екі қолмен домалату (арақашықтығы – 1,5 метр). Жоғарыда ілініп тұрған затқа қолын тигізіп, биіктікке секіру. Мақсаты: велосипед тебу дағдысын қалыптастыру Ойын: «Тауық және балапандар».	Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: «Шар мен текшені салыстыру» (сөздік жұмыс). Мақсаты: Балаларға геометриялық фигуралық пішіндер-шар,текше сөздерін естерінде сақтауға, олардың ерекшеліктерін (мысалы: шар домалақ, домалайды; текше төртбұрышты,орнынан қозғалтуға болады,бірінің үстіне бірін қоюға болады)ажыратуға үйрету. Сөздік қорларын молайтып,сөйлеу қабілетін дамыту. Ұқыптылық пен сабырлыққа тәрбиелеу. Көркем әдебиет Тақырыбы: «Жұмыстың бәрі жақсы» (өлең) Мақсаты: қоршаған ортаның жан-жақтылығы жайлы түсініктерін көркем туындылар, мамандық арқылы кеңейту. Туынды кейіпкерлерінің іс-әрекетін бағалау, өз ойлары мен алған әсерлерін айта білу білігін дамыту.	Математика негіздері Тақырыбы: «Күндіз.Бір-көп» Мақсаты:күндіз – тәулік бөлігімен таныстыру;заттың санымен (бір – көп) таныстыруды жалғастыру. Сөйлеу барысында осы сөздерді қолдануға және осы сөзді сөйлеу барысында пайдалануды үйрету; заттың санымен (бір – көп) таныстыруды жалғастыру; заттарды бірдей бір және көп затты таба білу дағдысын дамыту. Танымдылық қызығушылыққа тәрбиелеу. Жаратылыстану Тақырыбы: «Жеміс толы себет» Мақсаты: Жемістің бірнеше түрі жайлы түсінігін жүйелендіру; оларды өсіру тәсілдері туралы түсінігін кеңейту. Есте сақтау, зейін қою, ойлау қабілетін дамыту. Қарапайым зерттеу жұмыстарымен айналысу қабілетін қалыптастыру	Сурет салу Тақырыбы: «Түрлі түсті таспалар» Мақсаты:Балалардың бояумен сурет салуға қызығушылықтарын арттыру. Жуан таяқшадағы губканың оң қолдарына ұстау. Жолақ «жолдарға» бояуды біркелкі жаға білуге дағдыландыру, қағаз бетіне кеңістікті бағдарлауға үйрету. Іздің әртүрлі пішіндерін байқату. Тазалыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу. Музыка Тақырыбы: «Менің добым» Мақсаты: Пьесаның көңілді мазмұнына эмоциялық көңіл күй таныта білуге, дыбыстаудың бірыңғай күшімен бірдей қарқында ән салуға дағдыландыру. Допты қолдана отырып әуенмен бірге би қозғалыстарының қарапайым элементтерін орындауға үйрету. Жапсыру Тақырыбы: «Алаша» Мақсаты:балаларға кеңістікті бағдарлай білуге түсінік беру ; балалардың шығармашылық қабілетін дамыту, заттың пішіні туралы білімдерін жетілдіру; жұмысты ұқыпты таза жасауға тәрбиелеу.	Қоршаған ортамен танысу. Тақырыбы: Біздің топтың ойыншықтары Мақсаты: қоршаған орта заттары, олардың сапалары мен қасиеттері туралы түсініктерін жүйелеу және толықтыру. Міндеттері: 1. Балалардың ойыншықтар туралы білімдерін кеңейту. 2.Бірнеше сенсорлық белгілеріне қарап, заттарды топтастыра білуді, айналасындағы заттарды ажырата және ортақ қасиеттері бар ойыншықтарды топтастырып, оларды сипаттай білу дағдыларын игерту. 3. Ойыншықтарды күтіп ұстауға баулу.
---------	----------------------	---	---	--	--	---

4. апта	Күзгі гүл шоқтары	1.Дене шынықтыру Тақырыбы: «Тентек тышқандар» Негізгі қимылдары: 4 метр қашықтыққа тура бағытта еңбектеу. Түрегеп тұрып бір-біріне допты домалату (арақашықтық – 1,5 метр). Мақсаты: тыныс алу гимнастикасын және білекке арналған «Тышқан» массажын қолдану арқылы балалардың дене шынықтыру жаттығуларын орындауға қызығушылығын қалыптастыру және қызығушылығын дамыту. Ойын: «Мысық пен тышқандар». 2.Дене шынықтыру Тақырыбы: «Айгүл есімді қуыршақпен танысу» Негізгі қимылдары: 4 метр қашықтыққа алақан мен тізені тіреп, тіке бағытта еңбектеу. Екі аяқпен секіру (аяқтарын қосып секіру, екі жаққа алшақ қойып секіру). Мақсаты: бір орында тұрып екі аяқпен секіру дағдысын қалыптастыру. Ойын: «Кетті, кетті орамал». 3.Дене шынықтыру Тақырыбы: «Ертегіде қонақта» Негізгі қимылдары: 15 см биіктіктегі заттардан секіріп түсу. Төрттағандап еңбектеу, доға жасап тұру, екі қолмен әртүрлі бағытта допты домалату. Мақсаты: биіктіктен секіру дағдысын қалыптастыру. Ойындар: «Әрбір дәнді өз қабына сал», «Көлбақа қоңыздарды теруде», «Түлкі, тауық және әтештер», «Қояндар мен қасқыр».	1.Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: «Балалар текшелермен ойнайды» (сюжеттік сурет бойынша әңгіме құрастыру). Мақсаты: Балаларды сюжеттік сурет, жеке заттарды, кейіпкерлердің әрекеттерін атау бойынша әңгіме құрастыруға үйрету. Тәрбиешінің сурет бойынша құрастырылған әңгімесін тыңдап, зат есім мен етістіктерді қатыстырып, сөз тіркестерін құрастыра білуге және етістіктерді жекеше және көпше түрде (құраймын, құраймыз, ойнаймын, ойнаймыз) Қолдана білу дағдыларын дамыту. Балаларды достыққа, ұйымшылдыққа тәрбиелеу. Орыс тілі Тема: «Осень» Цель: Обобщить представление о характерных признаках осени. Употреблять в речи имена существительные в форме единственного (дерево) и множественного (листочки) числа. Развивать разговорную речь. Воспитывать любовь к родной природе, заботу об окружающих.	Математика негіздері Тақырыбы: «Үлкен – кіші. Таңертен» Мақсаты: заттарды көлемі бойынша (үлкен – кіші) салыстыру біліктерін қалыптастыру; таңертең – тәулік бөлігімен таныстыруды жалғастыру. таныс заттарды көлеміне қарай салыстыру білігін дамыту (үлкен – кішкентай), заттарды осындай белгілеріне қарай топтау; заттарды табуға деген ынтасын тәрбиелеу. Жаратылыстану Тақырыбы: «Күзгі гүлдер» Мақсаты: Гүлдің құрылысы жайлы түсінік қалыптастыру. Байқампаздық қабілетін, зейінін дамыту. Табиғатты аялай білуге үйрету. Құрастыру Тақырыбы: «Торсық» Мақсаты: қиылған қағазбен құрастыру, қағаз беттерін көлемді пішіндерді түрлендіру, қатты қағаздан қиылған торсықты төрт бөліктен құрастыруға үйрету, ұсақ бөлшектерден бүтін заттың бейнесін құрастыру; қағазбен жұмыс жасауды, оны көлеміне, пішініне сәйкес кеңістікте дұрыс орналастыра алу.	Сурет салу Тақырыбы: «Түрлі түсті орамал» Мақсаты: Балалардың шаршы пішінді орамалға өрнектер салуға жаттықтыру. Өздері салған өрнектерді қылқаламмен бояу арқылы эстетикалық талғамның дамуына мүмкіндік туғызу. Бояудың түсін таңдай білуге, көркемдік талғампаздыққа тәрбиелеу. Музыка Тақырыбы: «Біздің қуыршақ» Мақсаты: Қуыршақ ойыншықтары арқылы балалардың қызығушылығын арттыру. Түрлі сипаттағы аспапта орындалған пьесаларды тыңдау, есте сақтау; әуен сипатына үн қату, оның бөліктерінің өзгеруін байқау; ересектермен бірге ән салуға үйрету. Ойыншықтарды ұқыпты ұстауға, әдептілікке тәрбиелеу Музыка тыңдау: «Кір қуыршақ» И. Нүсіпбаев, Ж. Қашқынов. Ән айту: «Көңілді қуыршақтар» Г. Жотаева. «Доп» Б. Қыдырбек, А. Асылбек Музыка Тақырыбы: «Біздің қуыршақ» Мақсаты: Қуыршақ ойыншықтары арқылы балалардың қызығушылығын арттыру. Түрлі сипаттағы аспапта орындалған пьесаларды тыңдау, есте сақтау; әуен сипатына үн қату, оның бөліктерінің өзгеруін байқау; Ойыншықтарды ұқыпты ұстауға, әдептілікке тәрбиелеу Музыка тыңдау: «Кір қуыршақ» И. Нүсіпбаев, Ж. Қашқынов. Ән айту: «Көңілді қуыршақтар» Г. Жотаева. «Доп» Б. Қыдырбек, А. Асылбек (қайталау.) Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар: «Балдырғандар маршы» К. Қуатбаев. «Қуыршағым-ай» («Билеп үйренейік» жинағынан). «Кел, балақан» К. Қуатбаев,	
---------	-------------------	--	---	--	--	--

Ортаңғы топ қазан айы 2020 жыл
Өтпелі тақырып «Менің отбасым»

Мақсаты: балалардың отбасы туралы түсініктерін қалыптастыра отырып, отбасы мүшелерін атап, олар туралы айтуға және жақсы көруге үйрету; туыстық байланыс туралы түсініктерін дамыту.

Міндеттері:

- Отбасында мәдени-гигиеналық дағдыларын сақтауға баули отырып, ата-аналармен бірге балалар денсаулығын нығайтуға ықпал ету;
- Отбасы мүшелерімен тығыз байланыс жасау негізінде балалардың сөздік қорларын одан әрі дамытуға жағдай жасау;
- Отбасылық серуендерге, саяхаттарға шығу барысында балалардың табиғатта, қоршаған ортада өзін ұстай білу дағдыларын , қоршаған әлемге қызығушылығы мен қамқорлық қасиеттерін қалыптастыруға ықпал жасау;
- Балалардың шығармашылық қабілеттерін дамытуда ата-аналармен бірлескен шараларды жетілдіру

Апта	Тақырып	«Денсаулық»-3 Дене шынықтыру-3	«Қатынас»-2 Сөйлеуді дамыту-1 Көркем әдебиет-0,5 Орыс тілі-0,5	«Таным»-2,5 Математика негіздері-1 Құрастыру-0,5 Жаратылыстану-1	«Шығармашылық»-3 Сурет салу-1 Мүсіндеу-0,25 Жапсыру-0,25 Музыка-1,5	«Әлеумет»-0,5 Қоршаған ортамен танысу-0,5
1-апта	«Менің отбасым, ата – аналар еңбегі»	1.Дене шынықтыру Тақырыбы: <i>«Балалар достығы – аңдар достығы»</i> Негізгі қимылдары: Алға қарай екі аяқпен секіру(2 метр қашықтыққа). Тоқтап тұрып және тапсырманы орындай отырып (өзін айнала отырып) жүгіру. 4 метр қашықтыққа тіке бағытта төрттағандап еңбектеу Мақсаты:алға жылжи отырып секіру дағдысын қалыптастыру Ойын: <i>«Қонаққа барайық».</i> 2. Дене шынықтыру Тақырыбы:<i>«Түрлі түсті доптар»</i> Негізгі қимылдары: Допты 1 метр қашықтықта орналасқан қақпа арқылы домалату(ені – 60 см). 2 метр қашықтыққа алға қарай екі аяқпен секіру. Мақсаты:допты домалату дағдысын қалыптастыру. Ойын: <i>«Өз орныңды жылдам тап!».</i> 3.Дене шынықтыру Тақырыбы:<i>«Сылдырмақтар қайда?» (Таза ауада)</i> Негізгі қимылдары: еденге қойылған тақтайшамен жүру. 40 см қашықтықта орналасқан сылдырмақтар арасынан жүгіріп өту. Еденде отырып сылдырмақтардан жасалған «қоршауға» тигізе өтіп, допты домалату. Мақсаты: жерде жатқан тақтаймен жүру. 40 см интервалмен сылдырмақтардың арасымен зигзаг тәрізді жүгіру. Үш дөңгелекті велосипед тебу.	Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: Дыбыстарды дұрыс айтайық (а-э,о-ө) Мақсаты: Балаларға дауысты дыбыстады (а,э,о,ө) дұрыс айтуға үйрету. Артикуляциялық жаттығулар арқылы дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру.Үй құстары мен үй жануарларына қамқор болуға тәрбиелеу. Көркем әдебиет Тақырыбы: <i>«Шалқан» (орыс халық ертегісі)</i> Мақсаты: Ертегіні мән беріп тыңдауға,сөздік қорын молайтуға, суреттерді көруге, түсінуге үйрету, балаларды әдеби кейіпкерлердің әрекеттерін, жүріс – тұрысын талдауға ойларын дамыту. ертегі кейіпкерлерін құрметтеуге тәрбиелеу.	Математика негіздері Тақырыбы: <i>«Шеңбер. Үлкен–кіші»</i> Мақсаты: жаңа геометриялық пішінмен – шеңбермен таныстыру, шеңбердің түрлі көлемде (үлкен – кішкентай) болатынын түсіну; жұмбақтар шешуді үйрену; шеңберді көру-қозғау жолымен зерттеу білігін дамыту; шеңберді берілген нүктелері бойынша бастырып жүргізу; саусақтың ұсақ моторикасын дамыту; жаңа геометриялық пішіндерді салуға қызығушылықтарын ояту. Жаратылыстану Тақырыбы: <i>«Жау, жау, жаңбыр!»</i> Мақсаты: Жансыз табиғаттағы құбылыстар жайлы түсінік қалыптастыру; табиғат құбылыстарының бірі-жаңбырмен таныстыру. Балалардың табиғатқа, табиғат құбылыстарына, оны танып-білуге деген қызығушылығын ояту. Жаңбырға қуануға үйрету.	Сурет салу Тақырыбы: <i>«Бұлт күнді жапты»</i> Мақсаты: Балаларды күзгі табиғат құбылыстары ерекшеліктеріне бақылау жасауға үйрету. Күннің бетін аспанда қалқып жүрген бұлттардың қалқалаған суретін дөңгелек және сопақша пішінде сала білуге дағдыландыру. Табиғатты сүйе білуге, қастерлеуге және ұқыптылыққа тәрбиелеу. Музыка Тақырыбы: <i>«Бұл қай кезде болады?»</i> Мақсаты: Күз мезгілінің ерекшеліктері туралы түсінік беру; түрлі сипаттағы әндердің мазмұны мен көңіл күйін қабылдау; аспаптың сүйемелдеуіндегі даусына бейімделу дағдыларын қалыптастыру. Әуенмен бірге би қозғалыстарының қарапайым элементтерін орындауға үйрету Музыка тыңдау: «Күз - жомарт» Д. Ботбаев, Е. Өтетілеуұлы. Ән айту: «Күз келді» А.Досмағамбетова. «Көңілді қуыршақтар» Г.Жотаева Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар: «Күзгі жапырақтар биі» (Вальс) А. Аренский. «Қуыршағым-ай» Мүсіндеу Тақырыбы: <i>«Мысықтың ыдысы»</i> Мақсаты:Мысық туралы түсініктерін кеңейту. Ермексазды домалақтап, ортасын қуыстау машығын дамыту.	Қоршаған ортамен танысу Тақырыбы: <i>«Менің отбасым»</i> Мақсаты: балалардың туыстық қатынастар туралы түсініктерін кеңейту, отбасы мүшелерін, олардың әрекеттері мен өзара қарым-қатынасқа түсу дағдыларын меңгерту. Өз отбасын құрметтеп сыйлауға үйрету.

2-апта	Қош келдің Алтын күз! (табиғат)	1.Дене шынықтыру Тақырыбы: «Менің көңілді добым» Негізгі қимылдары: кедергілер арасынан жыланша жорғалап өту. 1,5 метр қашықтықтан ені 50 см қақпа арқылы допты домалату. Мақсаты: «ирелендеп» еңбектеу дағдысын қалыптастыру. Ойын: <i>«Үш аю».</i> 2.Дене шынықтыру Тақырыбы: <i>«Жол бойымен жүгіремін...»</i> Негізгі қимылдары: тоқтап тұрып және тапсырманы орындай отырып (орындыққа шығып, тепе-теңдікті сақтау) жүгіру. Кедергілердің арасынан «жыланша» бауырлап жорғалау. Мақсаты:жүгіру түрлерін үйрету,қимыл үйлесімділігін дамыту. Ойын: <i>«Көлбақа».</i> 3.Дене шынықтыру Тақырыбы: <i>«Көңілді торғайлар» (таза ауада)</i> Негізгі қимылдары: кедергілердің арасынан «жыланша» ирелендеп жүріп өту. 15 см биіктіктен тереңдікке секіру. Негізгі қимылдары: кедергілердің арасынан «жыланша» ирелендеп жүріп өту. 15 см биіктіктен тереңдікке секіру. Мақсаты:тереңдікке секіру дағдысын қалыптастыру. Ойын: <i>«Торғайлар мен мысық».</i>	Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: «Көкөністерден көже жасау» (дидактикалық ойын). Мақсаты: Балаларды ыдыс-аяқ атаулары бойынша сөздік қорларын молайтып, байланыстыра сөйлеуге дағдыландыру, «ш»дыбысын дұрыс айтуға жаттықтыру. Демонстрациялық әрекеттер бойынша әңгіме құрастыруды жалғастыру (сөздерді қолдну: тазалау, жуу, қайнату), жеке сөздерді айтуға ынталандыру. Ыдыс-аяқты ұқыпты ұстауға, аспазшылардың еңбегін бағалауға тәрбиелеу. Орыс тілі Тема: «Овощи» Цель: Активизировать соответствующий словарь (названия овощей). Учить детей слушать, запоминать. Упражнять в понимании и составлении словосочетаний (существительное и прилагательное): красный помидор и т.д.	Математика негіздері Тақырыбы: «Кеш. Біреу – көп» Мақсаты: тәулік бөлігі – «кеш» ұғымымен таныстыру; заттың санымен (бір – көп) таныстыруды жалғастыру, бір және көп бірдей заттарды табу білігін дамыту; заттарды табуға деген ынтасын тәрбиелеу. Жаратылыстану Тақырыбы: «Саңырауқұлақтар» Мақсаты:Жеуге жарамды және жарамсыз саңырауқұлақтар туралы түсінік қалыптастыру. Тіршілік қауіпсіздігі туралы қарапайым түсінік қалыптастыру. Туған табиғатты сүюге баулып, оны сақтап қалуға деген құлшынысын арттыру. Құрастыру Тақырыбы: «Лақтарға және боталарға арналған қоршаулар» Мақсаты: ірі және ұсақ құрылыс материалдарынан құрастыру, көп түсті құрылым жасау, құрылыс материалдарының негізгі бөлшектері, пішіні, түсі, шамасы бойынша тану; құрылыс бөліктерін ажырату және құрастырған құрылысын жануарлардың өлшемдерімен үйлестіру;	Сурет салу Тақырыбы: «Кілемше» Мақсаты: Балаларды тұрмыстық заттардың әдемілігін байқай білуге үйрету. Кілеммен таныстыруды жалғастыру, кілемді түзу және ирек сызықтармен әшекейлей білуге үйрету, сурет салуға дағдыландыру. Әсемдікті сезінуге, көркемдік талғампаздыққа тәрбиелеу. Музыка Тақырыбы: «Бұл қай кезде болады?» Мақсаты: Күз мезгілінің ерекшеліктері туралы түсінік беру; түрлі сипаттағы әндердің мазмұны мен көңіл күйін қабылдау; аспаптың сүйемелдеуіндегі даусына бейімделу дағдыларын қалыптастыру. Әуенмен бірге би қозғалыстарының қарапайым элементтерін орындауға үйрету Музыка тыңдау: «Күз - жомарт» Д. Ботбаев, Е. Өтетілеуұлы. Ән айту: «Күз келді» А.Досмағамбетова. «Көңілді қуыршақтар» Г.Жотаева Музыка Тақырыбы: «Көңілді жаңбыр» Мақсаты: Музыканы есту, сезіну қабілеттерін дамыту. Сабырлы, жай сипаттағы аспапта орындалған пьесаны тыңдау, есте сақтауға үйрету; әннің көңіл күйін, мазмұнын түсінуге үйрету; дыбыстаудың бірыңғай күшімен бірдей қарқында ән салуға баулу; музыканың би сипатын игеру. Музыка тыңдау: «Күз» С. Кибирова. Ән айту: «Жау, жаңбыр» Т.Сарыбаева, «Күз келді» А.Досмағамбетова Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар: «Қолшатырлар биі» (музыка жетекшісінің таңдауымен) .«Күзгі жапырақтар биі» А.Аренский (қайталау).«Күн мен жаңбыр»
--------	---------------------------------	---	---	--	--

3-апта	Жомарт күз (өнім)	1.Дене шынықтыру Тақырыбы: «Қонжықпен ойнайық» Негізгі қимылдары: Бақайларымен жүру. Тоқтап тұрып және тапсырманы орындай отырып (текшеге немесе гимнастикалық сәкіге шығу) жүгіру. Жоғарыда тұрған затқа қолын тигізу арқылы биіктікке секіру. Мақсаты: аяқтың ұшымен жүру, қимыл үйлесімділігі дағдыларын қалыптастыру. 2.Дене шынықтыру Тақырыбы: «Достығымыз жарасқан» Негізгі қимылдары: Алға қарай екі аяқпен секіру(арақашықтық – 2 метр). 4,5 метр қашықтыққа тура бағытпен төрттағандап еңбектеу. Мақсаты: алға жылжи отырып секіру дағдысын қалыптастыру. 3.Дене шынықтыру Тақырыбы: «Көңілді жұлдызқұртқа қонаққа барамыз»(таза ауада) Негізгі қимылдар: «Жұлдызқұрт» арқылы секіру, доға жасап жорғалау, гимнастикалық сәкімен жұлдызқұрттан аттап өту. Мақсаты: гимнастикалық орындықта жүру дағдысын қалыптастыру.	Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: «Ерке төлдер» (жануарлардың суреттері бойынша әңгіме құрастыуды). Мақсаты: тәрбиешінің көмегімен үй жануарлар туралы қысқа әңгіме құрастыруды, жануарлардың төлдерінің аттарын жекеше, көпше түрде атауды үйрету (бота, ботакандар, құлыншақ, құлыншақтар т.б.). Сұрақ-жауап арқылы балалардың ауызекі сөйлеу тілін дамыту. Үй жануарларына қамқорлық таныту. Көркем әдебиет Тақырыбы: «Алтын дән» Мақсаты: еңбекке қызығушылықты қалыптастыру және оның нәтижелерін қадірлеуге үйрету, адамгершілікке тәрбиелеу.	Математика негіздері Тақырыбы: «Түн. Шеңбер» Мақсаты: тәулік бөлігі – «түн» ұғымымен таныстыру; түсі мен көлеміне байланыссыз шеңберді ажырата және атай алу білігін бекіту, тәулік бөліктерін, ажырата және айта білуді бекіту; топ бөлмесінен шеңбер пішіндес заттарды көзімен іздеп таба алу білігін дамыту; мұқияттылық пен алғырлыққа тәрбиелеу. Жаратылыстану Тақырыбы: «Жабайы жануарлар» Мақсаты: Жабайы жануарлар мен олардың балалары туралы алғашқы түсінік қалыптастыру. Ілтипат пен ықыластарын көрсететін көңіл күйлерін дамыту. Жанды табиғатты аялауға үйрету.	Сурет салу Тақырыбы: «Алтын күз» Мақсаты: Балалардың күзгі табиғат құбылыстары ерекшеліктерін әсерлі қабылдай білуін қалыптастыру. Күздің бейнесін сюжетті сурет салу барысында жапырақтарды әр жеріне қылқаламның ұшын басып жағу тәсілімен салуды үйрету. Табиғат әсемдігін сезіну арқылы эстетикалық тәрбие беру. Музыка Тақырыбы: «Көңілді жанбыр» Мақсаты: Музыканы есту, сезіну қабілеттерін дамыту. Сабырлы, жай сипаттағы аспапта орындалған пьесаны тыңдау, есте сақтауға үйрету; әннің көңіл күйін, мазмұнын түсінуге үйрету; дыбыстаудың бірыңғай күшімен бірдей қарқында ән салуға баулу; музыканың би сипатын игеру. Музыка тыңдау: «Күз» С. Кибирова. Ән айту: «Жау, жаңбыр» «Күз келді» А.Досмағамбетова Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар: «Қолшатырлар биі» (музыка жетекшісінің таңдауымен). «Күзгі жапырақтар биі» А.Аренский «Күн мен жаңбыр» Жапсыру Тақырыбы: «Ыдыстағы жеміс-жидектер» Мақсаты: Жеміс-жидектер туралы түсініктерін нақтылау ыдысқа жеміс-жидектерді дұрыс орналастыра білуге үйрету ұқыпты жұмыс істеуге, жұмысты мұқият орындауға тәрбиелеу.	Қоршаған ортамен танысу Тақырыбы: «Көліктер» Мақсаты: көлік түрлерінің қолданысы туралы білімдерін қалыптастыру. Міндеттері: 1. Балаларды көлік түрлерімен таныстыру. 2. Қозғалыс ортасын ескере отырып, көлік құралдарын танып және атай білу дағдыларын қалыптастыру. 3. Әр көліктің пайдасын айта отырып, еңбекқорлыққа баулу.
--------	-------------------	--	---	--	--	--

4-апта	Жинақтар	1. Дене шынықтыру Тақырыбы: <i>«Қуыршақ Серік қонаққа келді»</i> Негізгі қимылдары: допты екі қолмен кеудеден лақтыру. 3 метр қашықтыққа алға қарай екі аяқпен секіру. Мақсаты: допты екі қолмен кеудеден лақтыру дағдысын қалыптастыру. 2. Дене шынықтыру Тақырыбы: <i>«Сыйлық толы жәшік»</i> Негізгі қимылдары: еденге орнатылған тақтайшада төрттағандап еңбектеу(ені – 25 см, ұзындығы – 2 метр). Допты екі қолмен кеуде тұсынан лақтыру Мақсаты: қол мен тізеге тіреп еңбектеу дағдысын қалыптастыру. 3. Дене шынықтыру Тақырыбы: <i>«Кәнеки, аңдар, бізге құлақ салыңдар!»(таза ауада)</i> Негізгі қимылдары: қолдарын белінде ұстап, биіктігі 10 см кедергіден аттап өту арқылы тепе-теңдікті сақтай отырып, жолды жүріп өту. Сәкі үстінде төрттағандап еңбектеу. Бір құрсаудан екінші құрсауға секіру. Мақсаты: тепе-теңдікті сақтау дағдысын қалыптастыру.	Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: <i>«Сүйікті ойыншықтар»</i> (ойыншықтар туралы әңгіме құрастыру). Мақсаты: Ойыншықтар туралы әңгіме құрастыруға, ойыншықтардың аттарын атай білуге, оларды сипаптап айтуға үйрету. «Ң» дыбысын қайталану, дұрыс айтуға жаттықтыру. Ойыншықтарды күтіп, ұқыпты ұстауға тәрбиелеу. Орыс тілі Тема: <i>«Наши игрушки»</i> Цель: Формирование умения слушать, запоминать и произносить слова. Научить понимать вопросы: «Сколько?», «Где?» и отвечать на них, употреблять в речислова «спасибо», «пожалуйста». Закрепить у детей умение здороваться и прощаться, полными и краткими дружескими формулами, правильно называть свое имя. Расширять словарный запас детей.	Математика негіздері Тақырыбы: <i>«Оң жақ – сол жақ»</i> Мақсаты: кеңістік ұғымдарын қалыптастыру (сол жақ, оң жақ, ортасында), сөйлегенде осы терминдерді дұрыс қолдануға баулу. Өзінің маңындағы кеңістік бағыттарын ажырата білу; жұмбақтарды шешуге, жұмбақ негізіне алынған өлеңдегі салыстыра бейнелеуді түсінуге үйрету; оң қолы мен сол қолын ажырата алу білігін дамыту; логикалық ойлауын дамыту; педагогтің нұсқауларын орындау білігіне тәрбиелеу. Жаратылыстану Тақырыбы: <i>«Ағаштар»</i> Мақсаты: Ағаштардың 2-3 түрін тану және атауын атауға үйрету. Қарапайым тәжірибе-зерттеу жұмысын жасау қабілетін дамыту. Туған өлкенің өсімдіктер әлемін қорғауға деген құлшынысын арттыру. Құрастыру Тақырыбы: <i>«Күзгі жапырақтар»</i> Мақсаты: қағаздан құрастыру дағдыларын қалыптастыру, шығармашылық қиялды дамыту. күзгі жапырақтарды қағаз бетіне дұрыс орналастыру дағдыларын қалыптастыру; түрлі тәсілдерді пайдаланып, қағаз беттерін түрлендіре алу; табиғатқа деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу.	Сурет салу Тақырыбы: <i>«Қуыршаққа арналған сақина»</i> Мақсаты: Балаларды сақинаның дөңгелекке ұқсастығын тауып, соны сала білуге жаттықтыру. Сақинаны салуда бояуды сызықтың шеттеріне шығармай бояуды үйрету. Сурет салуға қызығушылықтарын арттыру, ұқыптылыққа тәрбиелеу. Музыка Тақырыбы: <i>«Торғайлар»</i> Мақсаты: Балаларға күз мезгіліндегі құстардың іс-әрекеті туралы түсінік беру. Түрлі сипаттағы аспапта орындалған пьесаларды тыңдау, есте сақтауға, әуен сипатына үн қатуға баулу. Аспаптың сүйемелдеуіндегі даусына бейімделу дағдыларын қалыптастыру. Құстарға қамқорлық жасауға шақыру. Музыка тыңдау: <i>«Құстар жем шоқиды»</i> Е. Тиличеева. Ән айту: <i>«Торғай»</i> А. Райымқұлова. Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар: <i>«Қолшатырлар биі»</i> <i>«Мысық пен торғайлар»</i> ойыны. Музыка Тақырыбы: <i>«Торғайлар»</i> Мақсаты: Балаларға күз мезгіліндегі құстардың іс-әрекеті туралы түсінік беру. Түрлі сипаттағы аспапта орындалған пьесаларды тыңдау, есте сақтауға, әуен сипатына үн қатуға баулу. Аспаптың сүйемелдеуіндегі даусына бейімделу дағдыларын қалыптастыру. Құстарға қамқорлық жасауға шақыру. Музыка тыңдау: <i>«Құстар жем шоқиды»</i> Ән айту: <i>«Торғай»</i> А. Райымқұлова. Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар: <i>«Қолшатырлар биі»</i> <i>«Мысық пен торғайлар»</i> ойыны.	
--------	----------	--	---	--	--	--

Ортаңғы топ қараша айы 2020 жыл

Өтпелі тақырып «Дені саудың-жаны сау»

Мақсаты: Денсаулық сақтау технологиялары негізінде балалардың спортпен шұғылдануға деген қызығушылықтарын арттыру. Балалар әрекетінің түрлі нысандары мен түрлерінде олардың ауызша сөйлеу дағдыларын дамыту. Шығармашылықтары мен ойлау, қиялдау сезімдерін жетілдіру.

Міндеттері:

1. Спорттық ойындар мен жаттығу қимылдарын үйрету барысында балалардың белсенді қатысуы мен ынталануын қадағалау;
2. Құрдастары және ересектермен қарым-қатынас жасауда сөздік қорларын және сөйлеу мәдениетін дамыту;
3. Эстетикалық талғамдарын қалыптастыру, ой-өрістерін кеңейту;
4. Балаларды құрдастарымен сыпайы қарым-қатынас жасауға тәрбиелеу.

Апта	Тақырып	«Денсаулық»-3 Дене шынықтыру-3	«Қатынас»-2 Сөйлеуді дамыту-1 Көркем әдебиет-0,5 Орыс тілі-0,5	«Таным»-2,5 Математика негіздері-1 Құрастыру-0,5 Жаратылыстану-1	«Шығармашылық»-3 Сурет салу-1 Мүсіндеу-0,25 Жапсыру-0,25 Музыка-1,5	«Әлеумет»-0,5 Қоршаған ортамен танысу-0,5
1-апта	Бәрі мен жайында	1.Дене шынықтыру Тақырыбы: <i>«Тиін балаларға қонаққа келді»</i> Негізгі қимылдары: тікелей созылып жатқан жіптің үстімен жүру. Ені 25 см, ұзындығы 2 метр еденге орнатылған тақтайшада алақан мен табанын тіреп төрттағандап еңбектеу. Мақсаты:арқанмен жүрген кезде тепе-теңдікті сақтау дағдысын қалыптастыру. 2.Дене шынықтыру Тақырыбы: <i>«Біз саяхаттап жүрміз»</i> Негізгі қимылдары: иректөп қойылған жіп үстінде жүру. Бір-бірінің қолдарынан ұстап, шеңбер жасап жүгіру. Допты кеуде тұсынан екі қолмен лақтыру. Мақсаты:тепе-теңдікті сақтау дағдысын қалыптастыру. 3.Дене шынықтыру Тақырыбы: <i>«Күн нұры» (таза ауада)</i> Негізгі қимылы: бағытты өзгерте отырып жүру және жүгіру. Көлбеу тақтайшада жоғары және төмен жүру. Допты тор арқылы бастан асыра лақтыру. Мақсаты: еңіс тақтаймен жүру дағдысын қалыптастыру.	Сөйлеуді дамыту Тақырыбы:«Бізге қуыршақтар келді» Мақсаты: Түрлі қуыршақтар туралы қысқа сипаттау мәтінін (әңгімесін) құрастыруға үйретуді жалғастыру. Заттардың белгілерін атауға үйрету (үлкен, кішкентай қуыршақ, әдемі, сәнді көйлек, жағасы ақ). Артикуляциялық жаттығулар арқылы дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру. Бір-біріне қамқор болуға, ұйымшылдықпен ойнауға тәрбиелеу. Көркем әдебиет Тақырыбы: <i>«Арыстан мен тышқан»</i> Мақсаты: арыстан мен тышқан ертегісінің мазмұнымен таныстыру, ертегіні оқып беру, тіл байлықтарын молайту, қызығушылықтарын арттыру, ойлау қабілеттерін дамыту. Арыстан мен тышқанның айырмашылығын айту.	Математика негіздері Тақырыбы: «Тәулік бөліктері» Мақсаты: таңертең – кеш, күн – түн сияқты қарама-қарсы тәулік бөліктерін ажырату білігін қалыптастыру; тәулік бөліктерін балалар мен ересектер әрекетінің мазмұнының өзгеруі бойынша ажырата білуге үйрету; балаларды дайын пішіндерді суретке жабыстыру кезеңдерін сақтау тәсілдерімен таныстыру; Жаратылыстану Тақырыбы: <i>«Жел»</i> Мақсаты: Табиғат құбылыстарының бірі – жел туралы түсінік қалыптастыру. Зерттеудің қарапайым тәсілдерін дамыту, есте сақтау, зейін қою қабілетін нығайту. Табиғатқа деген сүйіспеншілікке, оған қамқорлық жасауға баулу.	Сурет салу Тақырыбы: <i>«Әдемі көйлек»</i> Мақсаты:Көйлек үлгісін әшекейлеуге үйрету. Саусақпен немесе мортанбалармен, қылқаламмен сурет салу дағдыларын қалыптастыру. Эстетикалық талғамын арттыру, әдемілікке тәрбиелеу. Музыка Тақырыбы: <i>«Қызыл, жасыл, көк шар»</i> Мақсаты: Көңілді сипаттағы әндердің мазмұны мен көңіл күйін қабылдауға, ересектермен бірге қосыла ән салуға үйрету. Жоғары және төмен дыбыстауды ажырата білуге, балалар шулы аспаптары бубен, сылдырмақ дыбысталуы динамикасын ажыратуға үйрету. Музыка тыңдау: <i>«Қуанамын»</i> М. Ержанов, өңдеген А. Исакова. Ән айту: <i>«Шар»</i> Б. Дәлденбай, Ж. Әбдрашев. <i>«Торғай»</i> А. Райымқұлова Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар: <i>«Марш»</i> М. Раухвергер. <i>«Кішкентай би»</i> Н.Александрова. <i>«Музыкалық аспаптар дүкені»</i> ойыны Мүсіндеу Тақырыбы: <i>«Сылдырмақ»</i> Мақсаты: Алақандарының арасында, жазықтықта түзету және домалақтау қозғалыстары арқылы кесектерді жаю білігін жетілдіру. Мысық туралы түсініктерін кеңейту, ол туралы балалардың өздеріне әңгімелету. Ермексазды домалақтап, ортасын қуыстау машығын дамыту, сондай-ақ шыдамдылыққа, төзімділікке, үй жануарларына қамқорлықпен қарауға тәрбиелеу. Сазбалшықтан, ермексаздан мүсіндеуге қызығушылығын тудыру	Қоршаған ортамен танысу Тақырыбы: <i>«Менің Отаным – Қазақстан»</i> Мақсаты: Отан туралы түсініктерін кеңейту. Балалардың қызығушылығын, ойлау, сөйлеу қабілеттерін дамыту; патриоттық сезімді тәрбиелеу, өз Отаны туралы білуге деген құштарлығын ояту; Туған жерін сүйуге, қадірлеуге үйрету.

2-апта	Дұрыс тамақтану. Дәрумендер	1.Дене шынықтыру Тақырыбы: «<i>Маймылдар</i>» Негізгі қимылдары: орнында тұрып ұзындыққа секіру (30 см қашықтыққа) Жіптен ұстап шеңбер бойымен жүгіру. Кедергілерден «жыландай» ирелендеп өтіп жүру. Мақсаты: ұзындыққа секіру дағдысын қалыптастыру. 2.Дене шынықтыру Тақырыбы: «<i>Көжсектерге арналған дене шынықтыру</i>» Негізгі қимылдары: допты екі қолымен бастан асыра лақтыру. Орнында тұрып ұзындыққа секіру (30 см) Мақсаты:«Суық түсті» биологиялық белсенді нүктелерінің массажын қолдану арқылы балалардың дене шынықтыру жаттығуларын орындауға қызығушылығын қалыптастыру және қызығушылығын дамыту. 3.Дене шынықтыру Тақырыбы: «<i>Кеме</i>» (<i>таза ауада</i>) Негізгі қимылдары: жолмен сүйеу кадам жасап жүру. Бірнеше сызықтан екі аяқпен секіру. Төмендету әдісімен допты алысқа лақтыру. Мақсаты: нық кадаммен жүру дағдысын қалыптастыру	Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: «Көмекшілер» Мақсаты: Заттарды топтастыруға ,оларды атай білуге (ыдыс-аяқтар-қасық, шанышқы, кесе, тостаған т.б.) үйрету. Сұрақ-жауап әдісі арқылы таныс шығармалардың мазмұнын айтып беруге дағыландыру. Сөздік қорларын толықтыру, ойлау қабілеттерін дамыту. Үлкенге ізеттілік көрсетуге, кішіге қамқор болуға тәрбиелеу. Орыс тілі Тема: «Заучивание наузусть: А.Барто «Уронили мишку на пол». Цель: Формировать умение слушать и понимать простую речь. Читать стихотворение наузусть, передавая свое отношение к содержанию. Развивать внимание, память. Научить произносить звуки русского языка.	Математика негіздері Тақырыбы: «Шаршы. Үлкен – кіші» Мақсаты: жаңа геометриялық пішіммен – шаршымен таныстыру. балаларды геометриялық пішіндерді тануға және атауға үйрету;шаршының түрлі көлемде (үлкен – кішкентай) болатынын түсіну; жұмбақтар шешуді үйрену; шаршыны көру-қозғау жолымен зерттеу білігін дамыту; шаршыны берілген нүктелері бойынша бастырып жүргізу; топ бөлмесі мен қоршаған ортадан шаршыға ұқсас заттарды көзбен табу білігін дамыту; саусақтың ұсас моторикасын дамыту; жаңа геометриялық пішіндерді салуға қызығушылықтарын ояту. Жаратылыстану Тақырыбы: «Үй жануарлары» Мақсаты: Балалардың үй жануарлары, оларға күтім жасау туралы түсінігін байыту. Жанды табиғатқа деген қызығушылығын дамыту. Жануарларға қамқорлық жасау, оларға мейірімді болуға тәрбиелеу. Құрастыру Тақырыбы: «Қақпа» Мақсаты: үлгі бойынша құрастыру, құрылыс материалдарының негізгі бөлшектері, олардың бөліктері туралы білімді қалыптастыру, құрылыс материалдарын түсіне, пішініне сәйкес дұрыс пайдаланып биік және аласа қақпаларды құрастыра білуге үйрету	Сурет салу Тақырыбы: «Саты» Мақсаты: Балаларға жануарлардың бейнесіне лайықты дауыс ырғағына қарай баспалдаққа орналастыруды түсіндіру. Керіктің мойнының ұзындығына қарай түрлі бағыттарда сызықтар жүргізіп, оларды қиыстырып, саты салуға үйрету. Музыканы көңіл күйлеріне қарай қабылдау сезімдерін дамыту. Жануарларға деген сүйіспеншілікке, қамқорлық жасай білуге тәрбиелеу. Музыка Тақырыбы: «Қызыл, жасыл, көк шар» Мақсаты: Жоғары және төмен дыбыстауды ажырата білуге, балалар шулы аспаптары бубен, сылдырмақ дыбысталуы динамикасын ажыратуға үйрету. Ән айту: «Шар» Б. Дәлденбай, Ж. Әбдрашев. «Торғай» А. Райымқұлова Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар: «Марш» М. «Кішкентай би» Н.Александрова. «Музыкалық аспаптар дүкені» ойыны Музыка Тақырыбы: «Сылдырмақтар әуені» Мақсаты:Ересектердің орындауындағы әнді мұқият тыңдауға, әндегі жоғары және төмен дыбыстауды ажыратуға баулу; аспаптың сүйемелдеуімен бірге қосылып әнді орындау, сылдырмақта дыбысталу динамикасын еске сақтауға, ажырата білуге үйретуді жалғастыру. Музыка тыңдау: «Сылдырмақ» Ән айту: «Сылдырмақ» А. Тоқсанбаев, И. Сапарбай. «Шар» Ж. Әбдірашев, Б. Дәлденбаев Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар: «Кішкентай би» Н. «Сылдырмақпен ойын» Б. Дәлденбаев.	

3-апта	Үйдегі және көшедегі қауіпсіздік	1.Дене шынықтыру Тақырыбы: <i>«Қуыршақ Айгүл балалармен ойнайды»</i> Негізгі қимылдары: доға астында еңбектеу(биіктігі– 40 см)Допты екі қолмен кеуде тұсынан лақтыру. Мақсаты: «Жуынғанда айтатын ән» бетке арналған массажын қолдану арқылы балалардың дене шынықтыру жаттығуларын орындауға қызығушылығын қалыптастыру және қызығушылығын дамыту. 2.Дене шынықтыру Тақырыбы: <i>«Қонжықтай күшті бола біл»</i> Негізгі қимылдары: ирек жолмен жүру (ені – 25 см, ұзындығы – 2,5 метр) Биіктігі 40 см доға астынан еңбектеп өту. Мақсаты:ирелендеген жолмен жүру дағдысын қалыптастыру 3.Дене шынықтыру Тақырыбы: <i>«Қоянға қонаққа барайық» (таза ауада)</i> Негізгі қимылдары: Бағытын өзгерте отырып сапта жүру. Кегельдердің арасымен жолда «ирелендеп» жүру. Бір орыннан екі аяқпен секіру. Мақсаты: бір орыннан екі аяқпен секіру дағдысын қалыптастыру.	Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: «Ойыншықтар достығы» Мақсаты: Ойыншықтар және олардың достығы туралы қысқа сюжеттік әңгіме құрастыруға үйретуді жалғастыру. «Қ» дыбысының дұрыс айтылуын бекіту Өзара татулық сезімдерін дамыту. Достықты қадірлей білуге тәрбиелеу. Көркем әдебиет Тақырыбы: «Қайырымдылық» Мақсаты: адам жүріс-тұрысының ерекшеліктерін бағалауға үйрету, өзге адамға деген мейірімділікті, қамқорлық қатынасты білдіруге ниеттерін ояту.	Математика негіздері Тақырыбы: «Алыс – жақын» Мақсаты: заттардың кеңістікте орналасуын (алыс – жақын) айыра білуге және атауға үйрету, көріп қабылдаған ақпараты негізінде жұмбақтар шешуді жалғастыру; көзбен қабылдауын, дайын пішіндерді кезектілігін сақтай отыра суретті толықтыру мақсатында жапсыру дағдыларын дамыту; бірлескен әрекеттерге қызығушылығын тәрбиелеу. Жаратылыстану Тақырыбы: «Сиқырлы су» Мақсаты: Судың қасиеттері туралы қарапайым түсінік қалыптастыру. Танымдық белсенділігін дамыту. Табиғаттың сұлулығын көре білу және түсіну, сол сұлулықты сақтап қалуға деген ынтасын күшейту.	Сурет салу Тақырыбы: «Кесені әшекейлейміз» Мақсаты: Балалардың қазақтың ою-өрнектері туралы түсініктерін қалыптастыру. Кесені әшекейлегенде «тұмарша», «ирексу» ою-өрнек элементтерін пайдаланып салуды үйрету. Шығармашылық қабілеттерін дамыту. Тазалыққа, салт-дәстүрді құрметтеуге тәрбиелеу. Музыка Тақырыбы: «Сылдырмақтар әуені» Мақсаты:Ересектердің орындауындағы әнді мұқият тыңдауға, әндегі жоғары және төмен дыбыстауды ажыратуға баулу; аспаптың сүйемелдеуімен бірге қосылып әнді орындау, сылдырмақта дыбысталу динамикасын еске сақтауға, ажырата білуге үйретуді жалғастыру. Музыка тыңдау: «Сылдырмақ» Е.Хасанғалиев, А. Асылбек. Ән айту: «Сылдырмақ» А. Токсанбаев, И. Сапарбай. «Шар» Ж. Әбдірашев, Б. Дәлденбаев Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар: «Кішкентай би» Н. Александрова «Сылдырмақпен ойын» Жапсыру Тақырыбы: «Алаңқайдағы саңырауқұлақтар». Мақсаты: күз мезгілінің ерекшеліктерімен таныстыру; саңырауқұлақ туралы білімдерін нақтылау; түстерді ажырата білуді үйрету; тапсырманы шығармашылықпен орындауға тәрбиелеу.	Қоршаған ортамен танысу Тақырыбы: «Біздің топтың Ойыншықтары» Мақсаты: қоршаған орта заттары, олардың сапалары мен қасиеттері туралы түсініктерін жүйелеу және толықтыру. Ойыншықтарды күтіп ұстауға баулу.

4-апта	Біз батыл және ептіміз	1.Дене шынықтыру Тақырыбы: «Қуыршақ Айгүлден сәлемдеме» Негізгі қимылдары: тізені жоғары көтеріп жүру. Ирек жолмен жүру және жүгіру (ені – 25 см, ұзындығы – 2,5 метр) Ені – 50 см, 1,5 м қашықтықтағы қақпаға допты домалату. Мақсаты: денесін тік ұстау және қимыл үйлесімділігі дағдысын қалыптастыру. 2.Дене шынықтыру Тақырыбы: «Сылдырмақты балақан» Негізгі қимылдары: орнында тұрып ұзындыққа секіру (арақашықтығы – 40 см). Тізені жоғары көтеріп жүру. Түрлі бағытта жүгіру. Мақсаты: «Әуе шары» тыныс алу гимнастикасын қолдану арқылы балалардың дене шынықтыру жаттығуларын орындауға қызығушылығын қалыптастыру және қызығушылығын дамыту. 3. Дене шынықтыру Тақырыбы: <i>«Біз Күнге еріп, достарымызды табамыз» (таза ауада)</i> Негізгі қимылдар: «Қар көпірі» қар үйіндісіне көтерілу, «Нысанаға тигіз» (қарды ағашқа лақтыру). Мақсаты: нысанаға лақтыру дағдысын қалыптастыру.	Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: «Ертегілер әлемі» Мақсаты: Ертегі мазмұнын түсіндіру. Ертегі мазмұнын айтқызу арқылы сөздік қорларын молайтып, тілін дамыту. Ертегідегі кейіпкерлердің іс-әрекеті арқылы балаларды тапқырлыққа, мейрімділікке, достыққа тәрбиелеу. Орыс тілі Тема: «Дом и моя семья» Цель: Учить различать и называть членов семьи. Продолжать расширять словарный запас детей и упражнять в правильном произношении словно русском языке. Формировать навыки связной речи. Воспитывать любовь к членам своей семьи.	Математика негіздері Тақырыбы: «Жоғары – төмен. Шаршы» Мақсаты: заттардың кеңістікте орналасуын (жоғары – төмен) айыра білуге және атауға үйрету, заттардың өзінің айналасындағы кеңістіктегі бағытын ажырату білігін дамытуды жалғастыру: алыс – жақын; шаршыға – геометриялық пішіндеріне сәйкес келетін заттарды қоршаған ортадан таба білу білігі; жұмбақ шешуді жалғастыру; логикалық ойлауын дамыту; бірлескен әрекеттерге, ҰОҚ-не қызығушылығын тәрбиелеу. Жаратылыстану Тақырыбы: «Аңдар қысқа қалай дайындалады?» Мақсаты: Балалардың жабайы жануарлар, олардың қоршаған ортадағы өзгерістерге бейімделу қабілеті туралы түсінігін нығайту және кеңейту. Табиғаттағы маусымдық өзгерістер мен жануарлардың мінез-құлқы арасындағы қарапайым байланыстарды анықтау қабілетін дамыту: жүнінің түсін ауыстыру, қысқы ұйқыға кетуі, қысқа қор жинауы. Балаларды жануарларға мейірімді болуға үйрету Құрастыру Тақырыбы: «Құрақ Көрпе» Мақсаты: түрлі тәсілдерді пайдаланып, қағаз беттерін түрлендіру, ұлттық тұтылатын бұйымдар жайында қарапайым түсінік беру.	Сурет салу Тақырыбы: «Жапалақтап алғашқы қар жауып тұр» Мақсаты: Балалардың алғашқы табиғи құбылыстарға қуана білуіне ықпал ету, қоршаған ортаға - үйлерге, заттарға, ағаштарға, жерге қарай қардың қалай әдемі болып жауатындығын бақылату. Көк түс пен ақ түстің бір-бірімен үйлесімділігіне көңіл бөлуді үйрету. Таяқшаларды пайдаланып тіс пастасымен қар салуды үйрету. Табиғатқа деген сүйіспеншілік сезімін тәрбиелеу Музыка Тақырыбы: «Мерекелік ән мен би» Мақсаты: Шығарманы соңына дейін тыңдауға, пьесаның көңілді мазмұнына эмоциялық көңіл күй танытады; бірдей қарқында ән салуға, бірінің артынан бірі жүру барысында ырғақты және музыканың би сипатын игере жүруге үйрету. Балаларға мерекелік көңіл күй сыйлау. Музыка т\у: «Шашу» Е.Брусиловский. Ән айту: «Мерекелік ән мен би» Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар: «Марш» М. Робер. «Сылдырмақпен ойын» Б. Дәлденбай. Музыка Тақырыбы: «Мерекелік ән мен би» Мақсаты: Бірдей қарқында ән салуға, бірінің артынан бірі жүру барысында ырғақты және музыканың би сипатын игере жүруге үйрету. Балаларға мерекелік көңіл күй сыйлау. Музыка т\у: «Шашу» Е.Брусиловский. Ән айту: «Мерекелік ән мен би» Е. Хасанғалиев, А. Асылбек. Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар: «Марш» М. Робер. «Сылдырмақпен ойын»	
--------	------------------------	--	--	---	--	--

**Ортаңғы топ желтоқсан айы 2020 жыл
Өтпелі тақырып «Менің Қазақстаным!»**

Мақсаты: Балаларды халық ауыз әдебиетіне баулу арқылы Қазақстанның мәдени мұрасын құрметтеуге және патриотизмге тәрбиелеу. Танымдық қызығушылықтарын, эстетикалық талғамдарын дамыту.

Міндеттері:

1. Дене қасиеттерін қалыптастыру, ептілік қозғалыстарын үйлестіру және салауатты өмір салтын ұстануға баулу;
2. Ұлттық дәстүрлерге негізделген құндылықтар арқылы шығармашылықпен сөйлеу дағдыларын, сөздік қорларын молайту;
3. Эстетикалық талғамдарын қалыптастыра отырып, қоршаған ортадағы әсемдікті қабылдауға, оны құрметтеуге үйрету;
4. «Мәңгілік Ел» жалпыұлттық идеясы негізінде патриотизм мен толеранттылыққа тәрбиелеу.

Апта	Тақырып	«Денсаулық»-3 Дене шынықтыру-3	«Қатынас»-2 Сөйлеуді дамыту-1 Көркем әдебиет-0,5 Орыс тілі-0,5	«Таным»-2,5 Математика негіздері-1 Құрастыру-0,5 Жаратылыстану-1	«Шығармашылық»-3 Сурет салу-1 Мүсіндеу-0,25 Жапсыру-0,25 Музыка-1,5	«Әлеумет»-0,5 Қоршаған ортамен танысу-0,5
1-апта	Алақай, қыс келді!	1.Дене шынықтыру Тақырыбы: <i>«Ойын ойнауды ұнатамыз»</i> Негізгі қимылдары: 1 метр қашықтықта тұрып педагогтің лақтырған добын қағып алу және лақтыру. Орнында тұрып ұзындыққа секіру (35 см). Мақсаты: аяқ және дене бұлшық ет-сіңір аппаратын нығайту. 2.Дене шынықтыру Тақырыбы: <i>«Ауылға сапар шегеміз»</i> Негізгі қимылдары: гимнастикалық қабырғаның екінші сатысына бекітілген көлбеу тақтайдан сырғанау. 1 метр қашықтықта тұрған педагогтің лақтырған добын қағып алу және лақтыру. Мақсаты: денесін тік ұстау, қимыл үйлесімділігін қалыптастыру. 3.Дене шынықтыру Тақырыбы: <i>«Қыс қызығы» (таза ауада)</i> Негізгі қимылдары: сапта бір-бірлеп, шашыла жүру және жүгіру. Затты айнала екі аяқпен секіру. Төбешіктен шанамен сырғанау. Мақсаты: шанамен сырғанау дағдыларын қалыптастыру.	Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: «Біздің ойыншығымыз» Мақсаты: Балалардың ойыншықтар туралы түсініктерін кеңейту, ойыншық аттарына отырып, оларды сипаттап айтуға үйрету. Жануарлардың төлдерін аттарын жекеше, көпше түрде айтуға жаттықтыру. Ойыншықтарды күтіп ұстауға тәрбиелеу. Көркем әдебиет Тақырыбы: «Маша мен аю» (орыс халық ертегісі) Мақсаты: Ертегінің мазмұнын түсіндіруге, кейіпкерлердің әрекеттерін бағалауға көмектесу.	Математика негіздері Тақырыбы: «Үшбұрыш» Мақсаты: жаңа геометриялық пішінмен – үшбұрышпен таныстыру. Балаларды геометриялық пішіндерді тануға және атауға үйрету; көру-қозғау жолымен зерттеу білігін дамыту; үшбұрышты нүктелер бойынша қосу; заттардағы геометриялық пішіндерді тану және оларды атау білігін дамыту; басқаларға көмектесуге тәрбиелеу. Жаратылыстану Тақырыбы: «Қыс келді» Мақсаты: Қыста табиғатта болатын құбылыстар жайлы түсінігін кеңейту. Байқампаздық қабілетін, жыл мезгілдері мен ауа райының арасындағы қарапайым себеп-салдар байланысын анықтау қабілетін дамыту. Барлық тіршілік иелеріне қамқорлық жасауға үйрету.	Сурет салу Тақырыбы: «Ұзын құлақ сұр қоян» Мақсаты: Бірнеше бөліктерден тұратын пішіндерді үйлестіре білуге жаттықтыру, дөңгелек және үлкен-кіші сопақша дөңгелектерді қосу арқылы қоянның бейнесін салуға жаттықтыру. Балалардың аңдарға деген сүйіспеншілік сезімдерін тәрбиелеу. Музыка Тақырыбы: «Шыршамызға арнаймыз» Мақсаты: Музыка сипаты арқылы табиғат ерекшеліктеріне көңіл бөлу, қыс мезгілі туралы түсіндіру; ересектердің орындауындағы әнді тыңдап, сезіне білуге үйрету; аспаптың сүйемелдеуіндегі даусына бейімделу дағдыларын қалыптастыру; вальс әуенмен бірге би қозғалыстарының қарапайым элементтерін орындау; музыкаға қызығушылығын ояту. Музыка тыңдау: «Жаңа жыл» Қ.Шілдебаев. Мүсіндеу Тақырыбы: «Шырша ойыншықтары» Мақсаты: Шырша ойыншықтары туралы жалпы түсінік беру. Өртүрлі пішіндерді мүсіндеу және бір ұшын үшкірлеп мүсіндеу іскерліктерін шыңдау.	Қоршаған ортамен танысу Тақырыбы: Құртақанды киіндіреміз Мақсаты: қоршаған ортадағы заттар туралы білімдерін кеңейту. Міндеттері: 1. Киім туралы түсінік беру, жыл мезгілдерінің өзгерістеріне байланысты киімдерді сараптай білуді үйрету. 2. Маусымдық өзгерістеріне сәйкес киімдерді таңдау дағдыларын қалыптастыру. 3. Тиянақтылықты, мәдени-гигиеналық дағдыларды тәрбиелеу.

2-апта	Тәуелсіз Қазақстан!	1.Дене шынықтыру Тақырыбы: «Хайуанаттар бағы» Негізгі қимылдар: еденде жатқан кедергілерден аттап өту(олардың арақашықтығы – 25 см). Гимнастикалық қабырғаның екінші сатысына бекітілген көлбеу тақтайда еңбектеу. Мақсаты:заттардан аттап өту дағдысын қалыптастыру. 2.Дене шынықтыру Тақырыбы: «Хайуанаттар бағын мекендеушілер» Негізгі қимылдары: алаңның бір жағынан екінші жағына жүгіру(арақашықтығы – 10 метр). Едендегі 20 см қашықтықта орналасқан кедергілерді аттап өту, тепе-теңдікті сақтау. Гимнастикалық қабырғаның екінші сатысына бекітілген көлбеу тақтайда еңбектеу. Мақсаты: ырғақты жүгіру дағдысын қалыптастыру. 3.Дене шынықтыру Тақырыбы: «Біздің сүйікті ойындарымыз» <i>(таза ауада)</i> Негізгі қимылдары: сапта бір қатарда тұрып қарқынды өзгерте жүру және жүгіру. Төбешіктен қуыршақты, қонжықты шанамен сырғанату. Құрсаудан-құрсауға секіру. Мақсаты: дене жаттығуларын жасауға қызығушылықтарын қалыптастыру	Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: «Марғау қыс мезгіліне қалай таңғалды?»(Әңгіме құрастыру). Мақсаты: Тәрбиеші көмегімен табиғат көріністерін сипаттау бойынша қысқа әңгіме құрастыруға үйретуді жалғастыру. Қимыл әрекетті білдіретін етістіктерді дұрыс таңдап, оларды қолдана білуді үйрету. Балаларға жұмбақ шешкізу арқылы ойлау қабілеттерін дамыту, сөйлем құрату арқылы сөздік қорларын молайту. Табиғатты аялауға, әсемдікті көре білуге, сезінуге тәрбиелеу. Орыс тілі Тема: «Предметы туалета» Цель:Учить различать и называть предметы туалета и их назначение; уметь слушать и понимать простую речь; расширить словарный запас; воспитывать у детей культурно-гигиенические навыки, желание всегда быть красивыми, чистыми, аккуратными, уважительно относиться к своему телу.	Математика негіздері Тақырыбы: «Үлкен, кіші, кішкентай. Оң жақ – сол жақ» Мақсаты: көлемі туралы ұғымдарын қалыптастыру – үлкен, кішірек, кішкентай. таныс заттарды көлемі бойынша: үлкен, кішірек, ең кішкентай – салыстыруды жалғастыру, анықтау нәтижесін сөзбен жеткізе білу; жұмбақтарды шеше білуге үйретуді жалғастыру; Заттарды көлеміне қарай сол жақтан оңға қарай орналастыру керектігін дамыту; мұқияттылығын, қозғалмай отыруға тәрбиелеу. Жаратылыстану Тақырыбы: «Аққала» Мақсаты: Қардың қасиеттері туралы түсінік қалыптастыру. Қарапайым тәжірибелік-зерттеу жүргізу дағдыларын қалыптастыру. Қайырымдылық, ізгілік, бір-біріне қол ұшын беру сынды қасиеттерге баулу. Құрастыру Тақырыбы: «Орындық және кресло» Мақсаты:құрылыс материалдарымен құрастыру дағдыларын қалыптастыру, әр түрлі түстегі және пішіндегі бөлшектерден орындық және кресло құрастыра білуге үйрету.	Сурет салу Тақырыбы: «Мерекелік отшашу» Мақсаты: Балаларды қарындашты дұрыс пайдаланып сурет салуға жаттықтыру. Мерекені қуанышпен қарсы алу арқылы эмоциялық көңіл күйлерін көтеру. Үзік сызықтарды үйлестіре қосу арқылы отшашудың суретін салуға үйрету. Қоршаған ортаны бақылап, оның өзгерістерін байқай білуге үйрету. Ұқыпты жұмыс жасауға, өз өлкесіне сүйіспеншілік сезімдерін тәрбиелеу. Музыка Тақырыбы: «Шыршамызға арнаймыз» Мақсаты: аспаптың сүйемелдеуіндегі даусына бейімделу дағдыларын қалыптастыру; вальс әуенмен бірге би қозғалыстарының қарапайым элементтерін орындау; музыкаға қызығушылығын ояту. Музыка тыңдау:«Жаңа жыл» Қ.Шілдебаев. Ән айту:«Арша»Б.Қыдырбек, И.Сапарбай. Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар: «Жаңа жыл» Б. Бейсенова(ұнтаспада)«Ақшақарлар биі (Вальс)П.Чайковский «Қар лақтыру» («Балалар полькасы») Музыка Тақырыбы: «Аққала» Мақсаты: Көңілді сипаттағы әннің мазмұны мен көңіл күйін қабылдау, әуен сипатына үн қату, оның бөліктерінің өзгеруін ажыратып, би қимылдарын орындау; дыбыстаудың бірыңғай күшімен бірдей қарқында ән салуға баулу; музыканы тыңдауға, ырғақты сезіне білуге үйрету. Музыка тыңдау: «Ақша қар» К.Қуатбаев, Қ. Ыдырысов. Ән айту: «Аққала» Б. Дәлденбай, Ж. Әбдірашев. «Арша» Б.Қыдырбек, И.Сапарбай	
--------	---------------------	---	--	---	---	--

3-апта	Менің туған өлкем	1.Дене шынықтыру Тақырыбы: <i>«Құртақанмен ойнайық»</i> Негізгі қимылдары: еденде жатқан жазық шеңберге секіру. Алаңның бір жағынан екінші жағына жүгіру (арақашықтығы – 20 м) Мақсаты:құрсауға секіру дағдысын қалыптастыру 2.Дене шынықтыру Тақырыбы: <i>«Жарық шапқан шамдар»</i> Негізгі қимылдары: 1,5 метр қашықтықта тұрған педагогтің лақтырған добын қағып алу және қайта лақтыру. Еденде жатқан жазық шеңберге секіру. Мақсаты:табанның бұлшық ет аппаратын, иық белдеуі бұлшық еттерін нығайту. 3.Дене шынықтыру Тақырыбы: <i>«Менің шанам қуыршақты сырғанатады (таза ауада)»</i> Негізгі қимылдары: Қуыршақты шапамен сырғанату. Алға екі аяқпен секіру. Мақсаты:шананы төбешіктен сырғанату дағдысын қалыптастыру	Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: <i>«Қуыршақты серуенге шығару үшін киіндіреміз» (дидатикалық ойын).</i> Мақсаты: Тәрбиеші көмегімен әңгіме құрастыруға үйретуді жалғастыру. «Т» дыбысын және сөздерді дұрыс және анық айтуға жаттықтыру. Киімді ұқыпты, таза киюге киінудің реттілігін сақтауға тәрбиелеу. Көркем әдебиет Тақырыбы: <i>«Суретші қыс» (өлен) Қ.Нүсіпов</i> Мақсаты: Өленді көрнекі құралдар көмегімен жатқа айтуға, оны дұрыс ырғағымен мәнерлеп оқуға үйрету. Балаларды шығарма мазмұнын өз іс-тәжірибесімен салыстыра отырып, өзінің күнделікті өмірімен және қоршаған ортамен байланыстыра білуіне үйрету.	Математика негіздері Тақырыбы: <i>«Біркелкі заттар. Үлкен, кіші, кішкентай»</i> Мақсаты: дағдыларды қалыптастыру біркелкі заттардан топтар құрастыру және олардың біреуін бөліп көрсету; заттарды көлемі бойынша салыстыруға үйретуді жалғастыру. таныс заттарды көлемі бойынша салыстыруға үйретуді жалғастыру, үлкен, кішірек, кішкентай деген көлемдерді сөйлегенде қолдану; логикалық ойлауын дамыту; оқу қызметінде тапсырмаларды орындауға қызығушылығын тәрбиелеу. Жаратылыстану Тақырыбы: <i>«Бөлме гүлдері»</i> Мақсаты:Балалардың бөлме гүлдері туралы түсінігін кеңейту.Бөлме гүлдерін өсіруге қызығушылығын ояту,байқампаздық қабілеті мен білуге деген құштарлығын дамыту. Бөлме гүлдеріне қамқор болуға үйрету.	Сурет салу Тақырыбы: <i>«Қазақтың ұлттың ою-өрнегінің екі элементі» (жолақша).</i> Мақсаты: Өрнекті кілемшені қазақтың ою-өрнек элементтерімен әшекейлей білуге үйрету. Ою-өрнектер туралы түсініктерін дамыту. Кілемшені «Қой ізі» және «ирексу» өрнегімен әшекейлеуді үйрету. Бояуды дұрыс пайдалана білуге, әсемдікке, ұқыптылыққа тәрбиелеу. Музыка Тақырыбы: <i>«Аққала»</i> Мақсаты: әуен сипатына үн қату, оның бөліктерінің өзгеруін ажыратып, би қимылдарын орындау; дыбыстаудың бірыңғай күшімен бірдей қарқында ән салуға баулу; музыканы тыңдауға, ырғақты сезіне білуге үйрету. Ән айту: «Аққала» Б. Дәлденбай, Ж. Әбдірашев. «Арша» Б. Қыдырбек, И. Сапарбай Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар: «Полька» В. Косенко. «Ақшақарлар биі» (Вальс) П. Чайковский (үйретуді жалғастыру). «Сикырлы таяқша» ойыны (музыкасы педагогтің таңдауымен) Жапсыру Тақырыбы: <i>«Шырша шамдарын жағамыз»</i> Мақсаты: Жаңа Жыл мерекесі және қыс мезгілі туралы білімдерін дамыту; мереке ерекшелігін сезіне білуді үйрету; шыршаны безендіре білуді үйрету; тапсырманы ұқыптылықпен орындауға тәрбиелеу.	Қоршаған ортамен танысу Тақырыбы: <i>«Қонаққа дастарқан жаямыз»</i> Мақсаты: қоршаған ортадағы заттар туралы білімдерін дамыту, олардың қасиеттерімен таныстыру. Міндеттері: 1. Ыдыс-аяқ және оның қасиеттері, пайдалану әдісі туралы білімдерін жинақтау. 2. Заттардың сапалары мен қасиеттерін:сипап сезу, қарастыру арқылы тануды қалыптастыру. 3.Ыдыстарға ұқыпты қарау дағдыларын тәрбиелеу.
--------	-------------------	---	--	---	---	--

4-апта	Қош келін, Жаңа жыл!	1.Дене шынықтыру Тақырыбы: <i>«Түрлі түсті жсалаулар»</i> Негізгі қимылдары: музыкалы-ырғақты қимылдар(музыкамен маршпен жүру). Қолдарын екі жаққа созып, еденде жатқан баспалдақтың тақтайшаларын аттап өту. Мақсаты:қимыл үйлесімділігін, тепе-теңдікті сақтау дағдысын қалыптастыру. 2.Дене шынықтыру Тақырыбы: <i>«Бір-екі, бір-екі, біз жасаймыз аққала!»</i> Негізгі қимылдары: допты жоғары лақтыру және қағып алу. 15 см биіктіктен тереңдікке секіру. Мақсаты:допты лақтыру және ұстап алу дағдысын қалыптастыру. 3.Дене шынықтыру Тақырыбы: <i>«Біз шананы сүйрейміз» (таза ауада)</i> Негізгі қимылдары: шананы бірде оң қолмен, бірде сол қолмен кезек-кезек сырғанату; Шанамен бі-бірін сырғанату (бір бала шанаға отырады, екі бала шананы сүйрейді). Мақсаты:шанамен сырғанау дағдысын қалыптастыру	Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: <i>«Шана тебеміз» (әңгіме құрастыру).</i> Мақсаты: Тәрбиеші үлгісі бойынша құрастыруға үйретуді жалғастыру. Киім (түс және мөлшер), әрекет (тебеміз, жүгіреміз, ойнаймыз т.б.) атауларын бекіту, қарама-қарсы мағынадағы сөздерді қолдану(жылы-суық,тұрды-құлады). «Т»дыбысын және сөздерді дұрыс және анық айтуға жаттықтыру Бір-біріне қамқор болуға, ұйымшылдықпен ойнауға тәрбиелеу. Орыс тілі Тема: <i>«Зима. Праздник елки»</i> Цель: Продолжать расширять словарный запас детей. Повторить с детьми программную песню, посвященную зиме и елочке. Воспитывать интерес к русскому языку.	Математика негіздері Тақырыбы: <i>«Жоғары – төмен. Үшбұрыш»</i> Мақсаты: заттардың өзінің айналасындағы кеңістікте орналасуын ажыратып, атау ұғымын қалыптастыру (жоғары – төмен). геометриялық пішіндермен таныстыруды жалғастыру: үшбұрыш. Логикалық ойлауын дамыту; бірлесіп ойнауға қызығушылығын тәрбиелеу. Жаратылыстану Тақырыбы: <i>«Алтын балық қайда тұрады?»</i> Мақсаты: Балықтың екі-үш түрін тану және ажырата білуге үйрету. Оларға тән белгілерді көру және оларды бір-бірімен салыстыру қабілетін дамыту. Балықтарды күтуге деген құштарлығын ояту. Құрастыру Тақырыбы: <i>«Әдемі Шырша»</i> Мақсаты: Жаңа жыл мерекесіне дайындық ретінде түрлі тәсілдерді пайдаланып қағаздан шыршаны бүктеп, қиып жасай білуге үйрету, қағазбен жұмыс жасау дағдыларын қалыптастыру.	Сурет салу Тақырыбы: <i>«Шырша шамдары»</i> Мақсаты: Шыршаны әшекейлеу үшін түрлі әдістермен, қылқаламмен, мақталы таяқшамен сурет салу әдістерін үйрету арқылы эстетикалық талғамын дамыту, әдемілікті, әсем безендірулерді сезіне білуге тәрбиелеу. Музыка Тақырыбы: <i>«Қысқы әуен»</i> Мақсаты: музыканы тыңдау, есте сақтау, ән айту қабілеттерін жетілдіру; әнді тыңдап, аспаптың сүйемелдеу даусына бейімделу дағдыларын қалыптастыру; ересектермен бірге ән салуға, әуенмен бірге би қозғалыстарының қарапайым элементтерін орындауға үйрету; балаларға мерекелік көңіл күй сыйлау. Музыка тыңдау: <i>«Шырша»</i> Ж. Мұхамеджанов. Ән айту. <i>«Аязата»</i> Б. Дәлденбай, Ж. Өбдірашев. <i>«Аққала»</i> Б. Дәлденбай, Музыка Тақырыбы: <i>«Қысқы әуен»</i> Мақсаты: ересектермен бірге ән салуға, әуенмен бірге би қозғалыстарының қарапайым элементтерін орындауға үйрету; балаларға мерекелік көңіл күй сыйлау. Музыка тыңдау: <i>«Шырша»</i> Ж. Мұхамеджанов. Ән айту. <i>«Аязата»</i> Б. Дәлденбай, Ж. Өбдірашев. <i>«Аққала»</i> Б. Дәлденбай, <i>«Қар лақтыру»</i> ойыны («Балалар полькасы») А. Жилинский	
--------	----------------------	--	--	--	--	--

Ортаңғы топ қаңтар айы 2021 жыл

Өтпелі тақырып «Табиғат әлемі»

Мақсаты: балалардың қимыл әрекетін ұйымдастыра отырып, ересектермен, балалармен еркін қарым-қатынас жасау дағдыларын дамыту. Табиғатта өзін ұстай білу Ережелері мен тірі және өлі табиғат объектілеріне деген ұқыпты қарым-қатынасын дамыту. Эстетикалық талғамдарын жетілдіру.

Міндеттері:

1. Дене жаттығулары мен сауықтыру шараларына деген қызығушылықтарын күшейту, қимылдық дағдыларын жетілдіру;
2. Шағын әңгімелер құрастыру, ойында әдеби бейнелерді қолдану білім, біліктерін дамыту;
3. Қарапайым зерттеуге қызығушылықтарын туғызу, сенсорлық қабілеттерін жетілдіру, бекіту;
4. Балалардың дербес тәжірибелік әрекеттерімен байланысты эстетикалық қабылдауларын дамыту;
5. Жеке тұлғаны дамыту, әлеуметтік дағдыларын жетілдіру.

Апта	Тақыры	«Денсаулық»-3 Дене шынықтыру-3	«Қатынас»-2 Сөйлеуді дамыту-1 Көркем әдебиет-0,5 Орыс тілі-0,5	«Таным»-2,5 Математика негіздері-1 Құрастыру-0,5 Жаратылыстану-1	«Шығармашылық»-3 Сурет салу-1 Мүсіндеу-0,25 Жапсыру-0,25 Музыка-1,5	«Әлеумет»-0,5 Қоршаған ортамен танысу-0,5
------	--------	-----------------------------------	---	---	---	--

1-апта	Аңдардың қысқы тіршілігі	1.Дене шынықтыру Тақырыбы: «Аязатаның сыйлықтары» Негізгі қимылдары: бөренеден еңбектеп өту. 1,5 метр қашықтықта тұрған педагогке доп лақтыру және одан допты қағып алу. Мақсаты:бөренеден еңбектен өту дағдысын қалыптастыру 2.Дене шынықтыру Тақырыбы: «Ақшақар-мен ойнаймыз» Негізгі қимылдары: қолдарын екі жаққа созып, еденде жатқан баспалдақтың тақтайшаларынан аттап өту. Бөренеден (бум) еңбектеп өту. Мақсаты:тепе-теңдікті сақтау және қимыл үйлесімділігі дағдысын қалыптастыру. 3.Дене шынықтыру Тақырыбы: «Қоянның сыйлығы» (таза ауада) Негізгі қимылдары: педагог берген белгіге тоқтап, бір-бірінің артынан сапта жүру және жүгіру. қарды тік тұрған шанаға дәлдеп лақтыру. Мақсаты:спорттық жаттығуларды қолдана отырып, дене жаттығуларын орындауға қызығушылықтарын қалыптастыру.	Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: «Жасыл шырша жанында» (өлең бойынша әңгіме құрастыру жаттау). Мақсаты: А.Асылбектеовтың «Жасыл шырша жанында» атты өлеңінің мазмұны бойынша әңгіме құрастыру, үйрету. Зат есім,сын есімдерді байланыстырып айтуға үйрету. (Мысалы:сәнді, тікенек шырша, алуан түрлі ойыншықтар, олар сылдырлайды және т.б.). Тілге тән дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру. Табиғатты аялауға, әсемдікті көре білуге, сезінуге тәрбиелеу. Көркем әдебиет Тақырыбы:«Отан»(өлең) Мақсаты: Отан туралы шығармаларды оқып беру арқылы әдебиетке деген құштарлыққа баулу, өлеңді мәнерлеп оқуға үйрету. Өз Отанын сүйуге жетелеу.	Математика негіздері Тақырыбы: "Алдында– артында. Жоғары– төмен Мақсаты: өзінің дене бөліктерінің орналасу бағдарын білуге үйрету (алдында – артында). заттардың өзіне тікелей жақын кеңістікте орналасқан заттардың бағытын ажырату (алдында – артында) түсініктерін қалыптастыру; заттардың өзінің айналасындағы кеңістіктегі бағытын ажырату білігін дамытуды жалғастыру: (жоғары – төмен); сөздерді қолдана алу: алдында, артында, жоғары, төмен; қарындашпен жұмыс жасауды, сезім қозғалыс түйсіктері арқылы балалардың зейінін дамытуды жалғастыру. Жаратылыстану Тақырыбы: «Атжалман – біздің досымыз» Мақсаты: Барлық тіршілік иелері адамдар тарапынан белгілі бір күтімді қажет ететіні жөнінде түсінік қалыптастыру. Байқампаздық қабілетін, ойлау қабілетін дамыту. Балаларды жануарларға мейірімді болуға үйрету.	Сурет салу Тақырыбы: «Қар кесегі» Мақсаты: Балалардың қыс мезгілі, қар туралы түсініктерін кеңейту. Көк түс пен ақ түстің бір-біріне үйлесімділігіне көңіл бөлуді үйрету. Тіс пастасына сұқ саусақты малып, қар кесегін салуды үйрету. Табиғатқа деген сүйіспеншілік сезімдерін арттыру. Музыка Тақырыбы: «Қоянда қонақта» Мақсаты: Көңілді сипаттағы аспапта орындалған пьесаларды тындау, есте сақтау; әуен сипатына үн қату және оның бөліктерінің өзгеруін байқай білуге дағдыландыру; әндерді аспаптың сүйемелдеуімен бірге орындай білуге үйрету; жануарлардың қимыл-қозғалысын би қимылдарында көрсете білу. Мүсіндеу Тақырыбы: «Аққала» Мақсаты: Балаларға қар және оның қасиеті туралы түсінік беру. Домалақтарды біріктіру арқылы бейне құрастыра білуді дамыту.	Қоршаған ортамен танысу Тақырыбы: « Мен және менің достарым» Мақсаты: балаларға «Дос», «Достық» құндылығы туралы түсінік беру; Міндеттері: 1. Өзінің есімін, тегін атай білуге жаттықтыру. Топтағы балаларды атымен атауды үйрету; «ұл», «қыз» ұғымдары туралы түсініктерін бекіту. 2.Баланың айналаны өзі танып-білуіне жағдай жасау. 3. Адамдармен өзара түсінісіп, қарым-қатынас жасай білуге үйрету.

2-апта	Қыстайтын құстар	1.Дене шынықтыру Тақырыбы: <i>«Мұзы қатқан айдынды, Жаңа жауған қар басты»</i> Негізгі қимылдары: 15 см биіктіктен тереңдікке секіру. Шеңбер құрып тұру. Мақсаты:тереңдікке секіру дағдысын қалыптастыру. 2.Дене шынықтыру Тақырыбы: <i>«Біз үлкен болып өсеміз»</i> Негізгі қимылдары: шеңбер құрып тұру. Музыкалық-ырғақты қозғалыстар (музыкалық маршпен жүру). Гимнастикалық қабырғаның екінші сатысына бекітілген көлбеу тақтайдан еңбектеп түсу. Мақсаты:көлбеу тақтаймен еңбектеу дағдысын қалыптастыру. 3.Дене шынықтыру Тақырыбы: <i>«Бір, екі, үш, бізбен бірге қайтала!» (Таза ауада)</i> Негізгі қимылдары: кедергілердің арасынан шашыла жүру және жүгіру. Допты екі қолмен тіке бағытта домалату. Домалап бара жатқан заттың соңынан төрттағандап еңбектеу. Қарды бірде оң қолмен, бірде сол қолмен кезек-кезек алысқа лақтыру. Мақсаты:спорттық жаттығуларды қолдана отырып, дене жаттығуларын орындауға қызығушылықтарын қалыптастыру.	Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: «Қысқы серуен» (әңгіме құрастыру). Мақсаты: Сурет бойынша әңгімелетуді жалғастыру. Қыс мезгілін сипаттай білуге үйрету, сөздік қорларын дамыту. Сөз тіркестерін дұрыс айта білуге жаттықтыру. Табиғатты аялауға, әсемдікті көре білуге, сезінуге тәрбиелеу. Орыс тілі Тема: «Одежда.Обувь» Цель: Активизация речевых умений и навыков, приобретенных на предыдущих занятиях. Развитие понимания речи, расширение словарного запаса за счет новых лексических единиц по теме. Выработка умений и навыков образовывать и употреблять в речи формы родительного падежа личных местоимений с предложением у (у меня, у тебя).	Математика негіздері Тақырыбы: «Үшбұрыш. Шаршы. Шеңбер» Мақсаты: балаларды геометриялық пішіндерді тануға және атауға үйретуді жалғастыру: шеңбер, шаршы, үшбұрыш, түйсіну және көру арқылы пішін түрлерін зерттеуді жалғастыру, оларды қоршаған ортадан табуға баулу; есту және көрулерін дамыту, логикалық ойлауын дамыту; балалар арасында достық қарым-қатынасқа, сабаққа қызығушылыққа баулу. Жаратылыстану Тақырыбы: «Қыста құстарға қамқор боламыз» Мақсаты: Қыстап қалатын құстар туралы түсінік қалыптастыру. Жұмбақ шешу қабілетін дамыту. Балаларды «біздің кішкентай достарымызға» жанашырлық танытуға баулу. Құрастыру Тақырыбы: «Диван және кереует» Мақсаты: көп түрлі құрылым құрастыру, олардың бөліктері туралы білімді қалыптастыру, құрылыс материалдарын түсіне, пішініне сәйкес дұрыс пайдаланып диванды және кереуетті құрастыра білуге үйрету.	Сурет салу Тақырыбы: «Сүлгіні әшекейлеу» Мақсаты: Сәндік қолданбалы өнермен таныстыруды жалғастыру, тік төртбұрышты пішіннің ортасына «тұмарша» оюын дұрыс орналастыра білуге үйрету, сүлгінің шетіне шашақтарды түзу сызықпен сызуға жаттықтыру. Эстетикалық тәрбие беру. Музыка Тақырыбы: «Қоянда қонақта» Мақсаты: әуен сипатына үн қату және оның бөліктерінің өзгеруін байқай білуге дағдыландыру; әндерді аспаптың сүйемелдеуімен бірге орындай білуге үйрету; жануарлардың қимыл-қозғалысын би қимылдарында көрсете білу. Ән тыңдау. «Қояндар» Е. Тиличеева. Ән айту: «Ақ қоян» Б.Аманжол, Н. Жанаев. «Аязата» Б. Дәлденбай, Ж. Әбдірашев (қайталау). Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар: «Қояндар биі» Ж. Оффенбах. «Қояндар мен аю» («Қояндар маршы») А. Райымқұлова Музыка Тақырыбы: « Ақ тиін» Мақсаты: музыкалық сүйемелдеумен бір қарқында ән салуға баулу; жұптаса отырып ырғақты сезіне би қимылдарын орындауға үйрету. Музыкалық қабілеттерін әрі қарай дамыту. Музыка тыңдау: «Полька» Б. Сметана. Ән айту: «Ақ тиін» Ә. Бейсеуов, Н. Жанаев. Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар: «Көңілді би» Ә. Байділдаев. «Кім епті?» Н. Ладухин.	
--------	------------------	---	---	--	---	--

3-апта	Қыс қызығы	1.Дене шынықтыру Тақырыбы: «Ойыншықтар» Негізгі қимылдары: еденге тігінен орналасқан шеңберден еңбектеп өту. Допты жоғары лақтыру және қағып алу. Мақсаты:күрсауға еңбекте дағдысын қалыптастыру. 2.Дене шынықтыру Тақырыбы: «Қысқы орманға біз келдік» Негізгі қимылдары: биіктігі – 30 см, ені 20 см гимнастикалық сәкіде жүру. Еденге тігінен қойылған шеңберден еңбектеп өту. Мақсаты:«Қонжықтар апанында ұйықтап жатыр» көзге арналған гимнастикасын, тыныс алу гимнастикасын қолдана отырып, дене жаттығуларын орындауға қызығушылықтарын қалыптастыру 3.Дене шынықтыру Тақырыбы: «Серуендеуге барайық, тышқанға іздеу салайық» (таза ауада) Негізгі қимылдары: Аласа төбешіктен сырғанауышпен сырғанау. Жолмен жүгіріп барып сырғанау. Мақсаты:жолмен сырғанау дағдысын қалыптастыру	Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: «Шай қайнатуды үйренеміз» (дидактикалық ойын). Мақсаты: Тағам және шай ішуге арналған ыдыстармен таныстыру, түрлерін атай білуге үйрету, ойын жағдаяттарын көрсету арқылы шай дайындауды түсіндіру (шәйнекке шай салып, су құю) Есте сақтау қабілеттерін дамыту және сөздік қорларын молайту. Балаларды еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. Көркем әдебиет Тақырыбы:"Әке мен бала" (ертегі) Мақсаты:Ересектермен қарым-қатынас ережелерін сақтауға үйрету, еңбекке деген қызығушылықтарын қалыптастыру және оның нәтижесін құрметтеуге жетелеу.	Математика негіздері Тақырыбы: «Биік – аласа. Сол жақ – оң жақ» Мақсаты:заттардың өзінің айналасындағы кеңістікте орналасуын үйретуді қалыптастыру (биік– аласа,сол жақ – оң жақ). Міндеттері: таныс заттарды биіктігі бойынша салыстыру білігін қалыптастыру (биік–аласа); ағзаның бөліктерінің орналасуына бағыт беруді жалғастыру: сол жақ – оң жақ; көзбен қабылдауын, дайын пішіндерді (жапсырмалар) жапсыру, қарындашпен жол салу дағдыларын дамыту; бір-біріне көмектесу талаптарын тәрбиелеу Жаратылыстану Тақырыбы: «Қаңтарда қар көп жауады» Мақсаты: Балалардың қыста жанды және жансыз табиғатта болатын құбылыстар жайлы түсінігін нығайту. Қарапайым тәжірибелік-зерттеу жүргізе білу дағдыларын қалыптастыру. Қатар құрбыларымен достық қарым-қатынаста болуға тәрбиелеу.	Сурет салу Тақырыбы: «Аққала» Мақсаты: Балалардың қыс мезгілі және қысқы ойындар туралы түсініктерін кеңейту, Аққаланың бейнесін үзік сызықтарды бір-бірімен қосу арқылы салуды үйрету, сурет салуға деген қызығушылықтарын арттыру. Эстетикалық талғамын дамыту. Музыка Тақырыбы: « Ақ тиін» Мақсаты: музыкалық сүйемелдеумен бір қарқында ән салуға баулу; жұптаса отырып ырғақты сезіне би қимылдарын орындауға үйрету. Музыкалық қабілеттерін әрі қарай дамыту. Музыка тыңдау: «Полька» Б. Сметана. Ән айту: «Ақ тиін» Ә. Бейсеуов, Н. Жанаев. Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар: «Көңілді би» Ә. Байділдаев. «Кім епті?» Н. Ладухин. Жапсыру Тақырыбы: «Жемсауыттағы құстар». Мақсаты: құстар жайлы білімдерін нақтылау; құстардың ұялары туралы түсініктерін қалыптастыру; түстерді ажырата білуді үйрету; жапсыру реттілігін түсіндіру және жапсыру дағдыларын қалыптастыру, ұқыптылыққа тәрбиелеу.	Қоршаған ортамен танысу Тақырыбы: « Мен және менің достарым» Мақсаты: балаларға «Дос», «Достық» құндылығы туралы түсінік беру; Міндеттері:1. Өзінің есімін, тегін атай білуге жаттықтыру. Топтағы балаларды атымен атауды үйрету; «ұл», «кыз» ұғымдары туралы түсініктерін бекіту. 2.Баланың айналаны өзі танып-білуіне жағдай жасау. 3. Адамдармен өзара түсінісіп, қарым-қатынас жасай білуге үйрету.

4-апта	Бізді қоршаған өсімдіктер	1.Дене шынықтыру Тақырыбы: «Біз кішкентай шабандоздармыз» Негізгі қимылдары: көлбеу орналасқан баспалдаққа шығу. Биіктігі – 20 см, ені 20 см гимнастикалық сәкіде жүру. Мақсаты:көлбеу сатымен өрмелеу дағдысын қалыптастыру. 2.Дене шынықтыру Тақырыбы: «Қонаққа құртақан келді». Негізгі қимылдары: 20 см биіктіктен терендікке секіру. Көлбеу орналасқан баспалдаққа шығу. Мақсаты:«Шарик» саусақ жаттығуын қолдана отырып, дене жаттығуларын орындауға қызығушылықтарын қалыптастыру. 3.Дене шынықтыру Тақырыбы: «Аяқ күшін нығайтамыз» (таза ауада) Негізгі қимылдары: қар үйіндісінің үстімен жүру (тепе-теңдік сақтау). Төбешіктен бір-бірден сырғанау. Мақсаты:спорттық жаттығуларды қолдана отырып, дене жаттығуларын орындауға қызығушылықтарын қалыптастыру.	Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: «Ойыншық дүкені» (дидактикалық ойыны). Мақсаты: Балаларды сұрақ-жауап әдісі арқылы әңгіме құрастыра білуге машықтандыру. Сапа және әрекетті білдіретін сөздерді қолдануға ынталандыру (ақ, жұмсақ қоян, үлкен,мейірімді мысық секіреді т.б.). Ойыншықтардың атауларындағы «б», «п» дыбыстарын дұрыс айтуға жаттығуды жалғастыру. Ойыншықтарды күтіп, ұқыпты, таза ұстауға үйрету. Орыс тілі Тема: «Домашние животные» Цель: Развитие навыков употребления слов тематической группы «домашние животные». Закреплять умения понимать заданный вопрос: «Это кто?», «Это что?» и отвечать на него. Упражнять детей в правильном произношении звуков русского языка.	Математика негіздері Тақырыбы:«Ұзын – қысқа. Беттестіру және тұтастыру тәсілдері» Мақсаты:әртүрлі заттар тобын көлеміне,ұзындығына қарай (ұзын – қысқа) беттестіру және тұтастыру тәсілдері бойынша салыстыру дағдысын қалыптастыру,ұзындығына қарай бір-біріне қарама-қарсы екі затты салыстыруды үйрету:өз бетімен жұмыс жасауға және ұқыптылыққа тәрбиелеу. Жаратылыстану Тақырыбы: «Пияз егу» Мақсаты: Пияз туралы түсінік қалыптастыру. Балалардың Пияз егу үдерісі туралы түсінігін дамыту. Еңбек етуге, пайда келтіруге деген ықыласын дамыту. Құрастыру Тақырыбы: «Пішіндер» Мақсаты: қағазбен жұмыс жасау дағдыларын қалыптастыру, қиылған әртүрлі геометриялық пішіндерден өз ойларынан немесе үлгіге қарай отырып әртүрлі пішіндерді жасай білуге үйрету.	Сурет салу Тақырыбы: «Қысқы шыршалар». Мақсаты: Балалардың сурет салу іскерлік дағдыларын жетілдіру, тіс пастасымен жұмыс істеуге жаттықтыру, табиғатты сүйе білуге, аялауға, қорғай білуге, ұқыптылыққа, әдемілікке тәрбиелеу. Музыка Тақырыбы: «Көңілді достар» Мақсаты:Түрлі қарқындағы аспапта орындалған пьесаларды тыңдау, ажырата білуге үйрету; әнді бірге бастап, қосыла айтуға, сылдырмақтарды тыңдау және олардың дыбыстау динамикасын ажыратуға баулу. Музыка тыңдау:«Не қалай дыбыстайды?» («Қасқыр», «Аю», «Түлкі») Д. Ботбаев, А. Асылбек. Ән айту:«Ақ тиін» Ә.Бейсеуов, Н.Жанаев. «Ақ қоян» Б.Аманжол, Н. Жанаев Музыка Тақырыбы: «Көңілді достар» Мақсаты: Түрлі қарқындағы аспапта орындалған пьесаларды тыңдау, ажырата білуге үйрету; әнді бірге бастап, қосыла айтуға, сылдырмақтарды тыңдау және олардың дыбыстау динамикасын ажырата білу. Музыка тыңдау: «Не қалай дыбыстайды?» («Қасқыр», «Аю», «Түлкі») Д.Ботабаев, А.Асылбек. Ән айту: «Ақ тиін» Ә.Бейсеуов, Н.Жанаев. «Ақ қоян» Б.Аманжол Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар: «Балдырғандар маршы»К.Қуатбаев. «Қояндар мен аю» ойыны («Қояндар маршы») А.Райымқұлова.	
--------	---------------------------	--	---	--	--	--

Ортаңғы топ ақпан айы 2021 жыл
Өтпелі тақырып «Мен және қоршаған орта»

Мақсаты: Балалардың өздерін қоршаған орталары туралы түсініктерін кеңейту, танымдық әрекеттің қарапайым дағдыларын қалыптастыру;

Міндеттері:

- қоршаған ортамен өзара әрекет етуге қажетті танымдық әрекеттің қарапайым дағдыларына ие бала тұлғасын дамыту;
- адамгершілік нормаларын, төзімділікті және адамдарға құрмет таныту сезімдерін жетілдіру;
- қызықты қимылды жаттығулар, сенсорлық ойындар ұйымдастыру арқылы түсініктерін кеңейту;

Апта	Тақырып	«Денсаулық»-3 Дене шынықтыру-3	«Қатынас»-2 Сөйлеуді дамыту-1 Көркем әдебиет-0,5 Орыс тілі-0,5	«Таным»-2,5 Математика негіздері-1 Құрастыру-0,5 Жаратылыстану-1	«Шығармашылық»-3 Сурет салу-1 Мүсіндеу-0,25 Жапсыру-0,25 Музыка-1,5	«Әлеумет»- 0,5 Қоршаған ортамен танысу-0,5
------	---------	-----------------------------------	---	---	---	--

1-апта	Ғажайыптар әлемі (өлі және тірі табиғат)	1.Дене шынықтыру Тақырыбы: «Балақайға тосынсый» Негізгі қимылдары: Бағыттын өзгерте отырып жүгіру. 20 см биіктіктен тереңдікке секіру. Көлбеу қойылған баспалдақтан өту. Мақсаты:«Тырнауық мысық», «Өтеш», «Кірпі», «Түлкі иіс сезгіш» тыныс алу-дауыс жаттығуларын қолдана отырып, дене жаттығуларын орындауға қызығушылықтарын қалыптастыру. 2.Дене шынықтыру Тақырыбы: «Түрлі түсті текшелер» Негізгі қимылдары: 5 см биіктікте орналасқан кедергілердің үстінен екі аяқпен секіріп түсу. Бағытты өзгерте отырып жүру және жүгіру. Биіктігі – 30 см, ені 20 см гимнастикалық сәкімен жүру. Мақсаты: тепе-теңдікті сақтау, қимыл үйлесімділігін сақтау дағдыларын қалыптастыру. 3.Дене шынықтыру Тақырыбы: «Біздің қонағымыз – Қарлығаш есімді қуыршақ» (таза ауада) Негізгі қимылдары: төбешіктен шанамен сырғанау. Мұзды жолдармен сырғанау. Мақсаты:Қысқы ойындарға балалардың қызығушылығын арттыру.	Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: «Қуыршақ Әйгерім және Динара балаларда қонақта» Мақсаты: Сөйлем құрастыра білуге, сұраққа дұрыс жауап беруге үйретуді жалғастыру. Зат есім мен сан есімді байланыстырып, сөз тіркестерін құрастыруды, дыбыстың дұрыс айтылуын бекіту. Қамқорлыққа баулу, мейрімділікке тәрбиелеу. Көркем әдебиет Тақырыбы:«Айлакер түлкі» (орыс халық ертегісі) Мақсаты: балаларды халық ауыз әдебиетінің шығармаларындағы кейіпкер бейнесі арқылы адамгершілік қарым-қатынас әлемімен таныстыру. Көркем қабілеттерін дамыту. Шығарма мағынасын түсінуге, кейіпкерлер іс-әрекетін бағалауға, олар жайлы айтуға, кейбір адамгершілік қасиеттерге (түлкі-қу) сипаттама бере білуге тәрбиелеу.	Математика негіздері Тақырыбы: «Заттарды ұзындығы бойынша салыстыру» Мақсаты:әртүрлі заттарды ұзындығы бойынша салыстыруға үйретуді жалғастыру; әртүрлі заттарды ұзындығы бойынша қатар қойып салыстыруға үйретуді жалғастыру; салыстыру нәтижесін ұзынырақ, қысқарақ, ұзындығы бірдей сөздерін қолданып білдіру; көру жадын дамыту, жадын, логикалық ойлауын, қолдың моторикасын дамыту; мұқияттылыққа, оқу қызметіне қызығушылыққа тәрбиелеу. Жаратылыстану Тақырыбы: «Суықторғай» Мақсаты: Балаларды құстардың сыртқы келбетімен таныстыру. Тануға, білуге деген құштарлығын дамыту. Балаларды қайырымды болуға, құстарға көмектесуге (жем шашуға баулу).	Сурет салу Тақырыбы: «Қуыршақтың мойынорағышы» Мақсаты: Балалардың мойынорағыш туралы түсініктерін қалыптастыру. Мойынорағыштың суретін салуда сызықтарды дұрыс сызу және ұқыпты бояй білуге үйрету. Ұқыптылыққа, әдемілікке тәрбиелеу. Музыка Тақырыбы: «Ақ әжем» Мақсаты:Шығарманы тыңдап, сипаты мен мазмұнына эмоциялық көңіл күй танытуға, музыкалық сүйемелдеумен әнді соза, әуенімен айтуға үйрету; жұптаса отырып би қимылдарын орындауға, ұрмалы-шулы аспаптардың дыбысталуын ажыратуға және атауға үйрету. Әжелерді сыйлауға, құрметтеуге тәрбиелеу. Мүсіндеу Тақырыбы: «Мойынорағыш пен баскиім» Мақсаты: Қыстық киім туралы түсініктерін кеңейту. Қуыршаққа арналған мойынорағыш пен баскиімді әртүрлі пішіндерден жасауды үйрету.	Қоршаған ортамен танысу. Тақырыбы: «Адам-тірі жан» (ойын жаттығулар ы) Мақсаты: өзі және өзінің құрылымы (дене мүшелері) жайында түсінікті қалыптастыру; эмоционалды күйі жайында айтуға үйрету.
--------	--	---	---	--	--	--

2-апта	Техника және біз	1.Дене шынықтыру Тақырыбы: «Сиқырлы дорба» Негізгі қимылдары: допты еденге лақтыру және қағып алу. 5 см биіктікте орналасқан заттың үстінен екі аяқпен секіру. Мақсаты: допты төмен қарай лақтыру және екі қолмен ұстап алу дағдыларын қалыптастыру. 2.Дене шынықтыру Тақырыбы: «Әжемнің сыйлықтары» Негізгі қимылдары: гимнастикалық сәкіге мініп-түсу. Допты еденге лақтыру және оны қағып алу. Мақсаты: гимнастикалық орындықтан аттап өту дағдысын қалыптастыру. 3.Дене шынықтыру Тақырыбы: «Секіргіш қоянға қонаққа барамыз» (таза ауада) Негізгі қимылдары: қар үйіндісінің үстімен жүру (тепе-теңдік сақтау). Бір-бірін шанамен сырғанату. Мақсаты: «Қояндар» саусақ гимнастикасын, спорттық жаттығуларды қолдана отырып, дене жаттығуларын орындауға қызығушылықтарын қалыптастыру.	Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: «Кімге не керек?» (дидактикалық ойын). Мақсаты: Жалпы есімдерді қолдану арқылы (киім, балалар, ұл, қыз т.б.) 2-3 сөйлемнен тұратын әңгіме құрастыруға жаттықтыру. Зат есім мен сын есімді байланыстырып, сөз тіркестеріді құрастыруды жалғастыру. Балаларды тазалыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу. Орыс тілі Тема: «Дикие животные» Цель: Активизация лексики тематической группы «дикие животные». Совершенствовать навыки правильного употребления слов. Закреплять умения понимать заданный вопрос: «Это кто?», «Это что?» и отвечать на него.	Математика негіздері Тақырыбы: «Заттарды ені бойынша салыстыру. Біркелкі заттар» Мақсаты: заттар тобын ені бойынша салыстыру ұғымын қалыптастыру: жалпақ-жіңішке, екі қарама-қарсы және бірдей заттарды ұзындығы мен ені бойынша салыстыру тәсілдерімен таныстыру, оларды жалпақ, жіңішке сөздерін пайдалануға үйрету; «ұзындығы бойынша бірдей» сөзін пайдалану біліктерін бекіту; біркелкі заттарды бір сөзбен атауға үйретуді жалғастыру; есту сезімін дамыту; сөйлеу тілін, бақылағыштығын, ойлау белсенділігін дамыту; еңбек етуге тәрбиелеу. Жаратылыстану Тақырыбы: «Бөлме өсімдіктерін күту» Мақсаты: Балалардың бөлме гүлдері, олардың түрлері мен айырмашылықтары туралы түсінігін кеңейту; өсімдіктерді су құятын ыдыстан суаруды үйрету. Өсімдіктерге күтім жасауға деген құштарлығын ояту. Олардың сұлулығына қуануға үйрету. Құрастыру Тақырыбы: «Автобус» Мақсаты: құрылыс материалдарын тиімді пайдаланып автобусты құрастыру және оның басқа көлік түрлерінен ерекшелігін байқай білуге үйрету.	Сурет салу Тақырыбы: «Тікенекті кірпі» Мақсаты: Балалардың тікенекті кірпі туралы түсініктерін жетілдіру. Қысқа түзу сызықтарды сызу арқылы кірпінің суретін салуға жаттықтыру. Жануарларға, аңдарға қамқорлық жасай білуге тәрбиелеу. Музыка Тақырыбы: «Ақ әжем» Мақсаты: музыкалық сүйемелдеумен әнді соза, әуенімен айтуға үйрету; ұрмалы-шулы аспаптардың дыбысталуын ажыратуға және атауға үйрету. Әжелерді сыйлауға, құрметтеуге тәрбиелеу. Музыка тыңдау: «Әй-эй бөпем» (халық әні, Қ.Шілдебаев). Ән айту: «Ақ әжем» К. Қуатбаев Музыка Тақырыбы: «Әй-эй ата» Мақсаты: Халық әуенін тыңдап, көңіл күйін қабылдау; әнді музыкалық сүйемелдеумен бір қарқында орындауға үйрету; таныс би қимылдарын қайталау. Отбасы мүшелеріне сыйластықпен қарауға, құрметтеуге тәрбиелеу. Музыка тыңдау: «Хайлэйлім» халық әні, өңдеген Б. Дәлденбай. Ән айту: «Әй-эй ата» Ө. Байділдаев, Ж. Смақов. «Ақ әжем» О. Әубәкіров, К. Қуатбаев (қайталау) Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар: «Биге шақыру» А. Токсанбаев (қайталау). «Кім шапшаң?» ойыны («Балалар биі») А. Майкапар	
--------	------------------	--	--	--	--	--

3-апта	Көліктер	Дене шынықтыру Тақырыбы: «Теңіз жағасында» Негізгі қимылдары: бір-бірінен 15 см қашықтықта орналасқан кірпіштің үстімен жүру(тепе-теңдік сақтауға арналған жаттығу). Гимнастикалық сәкіден өтіп төрттағандап еңбектеу. Мақсаты: тепе-теңдікті сақтау дағдысын қалыптастыру, дене мен аяқ-қол бұлшық еттерін нығайту. 2.Дене шынықтыру Тақырыбы: «Орманға саяхат» Негізгі қимылдары: музыкалы-ырғақты қимылдар. Бір-бірінен 15 см қашықтықта орналасқан кірпіштің үстімен жүру. Ені 50 см қақпадан 2 метр қашықтыққа допты домалату. Мақсаты:Көз гимнастикасы және «Індегі қоян» саусақ гимнастикасын қолдану арқылы дене жаттығуларын орныдауға қызығушылықтарын қалыптастыру. 3.Дене шынықтыру Тақырыбы: «Қар қиыршықтары» (<i>таза ауада</i>) Негізгі қимылдары: Тереңдікке секіру – қар үйіндісінен жолға секіріп түсу. Шанамен бір-бірін сырғанату. Мақсаты: тереңдікке секіру дағдысын қалыптастыру.	Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: «Музыкалық ойыншықтар» (сипаттау әңгіме құрастыру). Мақсаты:Ойыншықтар туралы 2-сөйлем құрастыруға үйретуді жалғастыру (тәрбиешінің көмегімен).Таныс ойыншықтарды, олардың сапасы мен белгілері (түсі мен көлемі, дыбысы) арқылы ажыратуға үйрету (мысалы: сыбызғы гүлдейді, қонырау сыңғырлайды). Дауыс артикуляциясы жаттығулары арқылы дыбыстарды дұрыс, анық айтуды үйрету, бекіту.Музыкалық аспаптардан шыққан әуенді тыңдай білуге жаттықтыру. Әсемдікті сезінуге тәрбиелеу. Көркем әдебиет Тақырыбы: «Дәрігер Айболит»(ертегі) Мақсаты: балаларды мейрімділікке, өзге адамдарға, жануарларға қамқорлық қатынас білдіруге талаптандыруды жалғастыру; ертегіге деген қызығушылықтарын дамыту; ертегіні тыңдай білуге тәрбиелеу.	Математика негіздері Тақырыбы: «Кең–тар. Жоғарыда–төменде» Мақсаты: заттар тобын ені бойынша салыстыру ұғымын қалыптастыруды жалғастыру; кең – тар; заттардың орналасқан орындарын анықтау біліктерін бекітуді жалғастыру; жоғарыда, төменде. заттар тобын салыстыру ұғымын қалыптастыру; кең – тар; заттардың орналасқан орындарын анықтау біліктерін бекітуді жалғастыру; жоғарыда, төменде; жұмбақ шешуге баулу; тәулік бөлімдері туралы білімдерін бекіту. Жаратылыстану Тақырыбы: «Көрінбейтін ауа» Мақсаты:Балаларды ауа және оның қасиеттері туралы түсінікпен таныстыру. Зерттеу қызметіне деген қызығушылығын ояту. Төңірегіндегі қатар құрбыларына қайырымды болуға үйрету.	Сурет салу Тақырыбы: «Сылдырмақ» Мақсаты: Балалардың ойыншықтар жайлы түсініктерін кеңейту. Сылдырмақ жайында әңгімелету, тақпақтар айтқызу арқылы сөздік қорын байыту, сурет сала білуге үйрету, көркемдік талғамын дамыту. Музыка Тақырыбы: «Әй-эй ата» Мақсаты: әнді музыкалық сүйемелдеумен бір қарқында орындауға үйрету; таныс би қимылдарын қайталау. Отбасы мүшелеріне сыйластықпен қарауға, құрметтеуге тәрбиелеу. Ән айту: «Әй-эй ата» Ө.Байділдаев, Ж.Смақов. «Ақ әжем» О. Әубәкіров, К. Қуатбаев (қайталау) Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар: «Биге шақыру» А. Токсанбаев (қайталау). «Кім шапшаң?» ойыны («Балалар биі») А. Майкапар Жапсыру Тақырыбы: «Ұшақ». Мақсаты: көлік түрлері туралы білімдерін нақтылау; аспан денелерін ажырата білуді үйрету; ұшақ бөлшектерін рет-ретімен орналастыра білуді үйрету; жұмысты ретімен атқара білуге тәрбиелеу.	Қоршаған ортамен танысу. Тақырыбы: «Адам-тірі жан» (ойын жаттығулар ы) Мақсаты: өзі және өзінің құрылымы (дене мүшелері) жайында түсінікті қалыптастыру; эмоционалды күйі жайында айтуға үйрету .
--------	----------	---	---	--	--	---

4-апта	Алуан-алуан кәсіп бар, таңдай біл де талап қыл!	1.Дене шынықтыру Тақырыбы: «Ормандағы достармен кездесу» Негізгі қимылдары: биіктігі 10 см заттан екі аяқпен секіру. Музыкалық-ырғақтық қимылдар. Бірі-бірінен 2 м қашықтықта орналасып, аяқтарын айқара аша отырып бір-біріне допты домалату. Мақсаты:«Шырша» саусақ гимнастикасын қолдана отырып, дене жаттығуларын орындауға қызығушылықтарын қалыптастыру. 2.Дене шынықтыру Тақырыбы: «Микки-маус» Негізгі қимылдары: Диаметрі 15 см допты екі қолымен ұстап, жіп арқылы бастан асыра лақтыру. Биіктігі 10 см заттың үстінен екі аяқпен секіру. Мақсаты:көзге арналған гимнастиканы қолдана отырып, дене жаттығуларын орындауға қызығушылықтарын қалыптастыру. 3.Дене шынықтыру Тақырыбы: «Секіре де, жүгіре де білеміз» (таза ауада) Негізгі қимылдары: төбешіктен шанамен сырғанау. Алаңмен жүгіру. Мақсаты:денсаулық сақтау технологиясын қолдану арқылы балалардың дене шынықтыру жаттығуларын орындауға қызығушылығын қалыптастыру және қызығушылығын дамыту.	Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: «Ертегіде қонақта» (ертегі бойынша әңгімелеуге дайындау) Мақсаты: Балаларға ертегі мазмұнын айтуға, сахналауға үйрету. «Қ»дыбысы кездесетін сөздерге мысалдар келтіру арқылы «қ» дыбысының айтылуын меңгерту. Ертегі мазмұны арқылы адал достыққа тәрбиелеу. Орыс тілі Тема: «Шуточные стихи» Цель: Использовать фонетическую зарядку (звуки «о» и «у») для выработки артикуляционных навыков русской речи. Развивать слуховую память. Поднять интерес детей и развлечь их.	Математика негіздері Тақырыбы: «Заттарды қалыңдығы бойынша салыстыр» Мақсаты: заттарды қалыңдығы бойынша салыстыруды үйрету: қалың және жұқа, үстіне қою және белгілеу әдістерін пайдаланып, екі қарама-қарсы және бірдей заттарды қалыңдығы бойынша салыстыру, нәтижесін «қалың», «жұқа», «қалыңдығы бірдей» сөздерін қолдану арқылы жеткізу; көру арқылы алынған ақпаратты пайдаланып, жұмбақ шешуге баулу; көре білу, логикалық ойлауын дамыту. Жаратылыстану Тақырыбы: «Ғажайып қап» Мақсаты: Балаларға заттардың бірі адамдардың қолымен, бірі табиғаттың күшімен жасалғанын түсіндіру.Қарапайым тәжірибелік-зерттеу жүргізе білу қабілеттерін қалыптастыру.Зерттеушілік мінез-құлық, қоршаған ортадағы заттарға күтім жасау дағдысын қалыптастыру. Құрастыру Тақырыбы: «Қар жауып тұр» Мақсаты: қағазды умаждау әдісімен таныстыру, қағазды умаждау арқылы белгілі бір пішінге келтіріп қар кесектерін жасауға болатынын түсіндіру.	Сурет салу Тақырыбы: «Қоянға арналған әшекей» Мақсаты: Балалардың қылқаламмен бояу дағдыларын қалыптастыру, қызығушылықтарын арттыру. Сопак және дөңгелек заттардың суретін салуға, олардың көркемдік сипатын бейнелеуге үйрету. Аңдарға қамқорлық жасай білуге тәрбиелеу. Музыка Тақырыбы: «Анашым» Мақсаты: Музыкалық шығарманы эмоциямен қабылдау; әуеннің басталуы мен аяқталуына мән беріп, бірге ән салуға үйрету; би қарқынын өзгерте отырып ырғақты сезіне қимылдауға үйрету. Анасына сүйіспеншілігін арттыру. Музыка тыңдау: «Ақ мамам» Е. Хасанғалиев, А. Асылбек. Ән айту: «Мерекеңмен, анашым» Б. Қыдырбек, И. Сапарбай. «Ақ әжем» О. Әубәкіров, К. Қуатбаев (қайталау). Музыка Тақырыбы: «Анашым» Мақсаты: Музыкалық шығарманы эмоциямен қабылдау; әуеннің басталуы мен аяқталуына мән беріп, бірге ән салуға үйрету; би қарқынын өзгерте отырып ырғақты сезіне қимылдауға үйрету. Анасына сүйіспеншілігін арттыру. Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар: «Жай және жылдам» Е. Хасанғалиев, «Кім шапшаң?» ойыны («Балалар биі») А. Майкапар.	
--------	---	---	---	---	---	--

Ортаңғы топ наурыз айы 2021 жыл
Өтпелі тақырып «Салт-дәстүрлер және фольклор»

Мақсаты: Қазақ және басқа халықтардың салт-дәстүрлеріне құрметпен қарауға тәрбиелеу;

Міндеттері:

- ұлттық мерекелер туралы туралы түсініктерін кеңейту және дамыту;
- шығармашылық білім беру саласы бойынша балаларды ұлттық өнерге, салт-дәстүрлерге баулу;
- ұлттық ойындарға деген қызығушылықтарын арттыру;

Апта	Тақырып	«Денсаулық»-3 Дене шынықтыру-3	«Қатынас»-2 Сөйлеуді дамыту-1 Көркем әдебиет-0,5 Орыс тілі-0,5	«Таным»-2,5 Математика негіздері-1 Құрастыру-0,5 Жаратылыстану-1	«Шығармашылық»-3 Сурет салу-1 Мүсіндеу-0,25 Жапсыру-0,25 Музыка-1,5	«Әлеумет»-0,5 Қоршаған ортамен танысу-0,5
1-апта	Аналар мерекесі	1.Дене шынықтыру Тақырыбы: «Ерекше қонақтар» Негізгі қимылдары: гимнастикалық қабырғаға шығу және одан түсу. Диаметрі 15 см допты екі қолымен ұстап, тор арқылы бастан асыра лақтыру. Мақсаты:гимнастикалық қабырғаға өрмелеу дағдысын қалыптастыру. 2.Дене шынықтыру Тақырыбы: «Көңілді жарыстар» Негізгі қимылдары: биіктігі 20 см кедергілерді (текшелердің үстіне қойылған тақтайшалар) аттап өту. Гимнастикалық қабырғаға шығу және одан түсу. Мақсаты:заттардан аттап өту дағдысын қалыптастыру 3.Дене шынықтыру Тақырыбы: «Орманда қонжық тоңыпты, Мұз қатқан қыс та келіпті» (таза ауада) Негізгі қимылдары: екі аяқтап алға қарай құрсаудан-құрсауға секіру («Классики» ойыны: аяқты бірге, екі жаққа). Бүрді алысқа лақтыру. Мақсаты: спорттық жаттығуларды қолдана отырып, дене жаттығуларын орындауға қызығушылықтарын қалыптастыру.	Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: «Менің сүйікті анам» (тәжірбие бойынша әңгіме құрастыру). Мақсаты: Сұрақ-жауап әдісі арқылы әңгіме құрастыруды үйретуді жалғастыру, алгоритмдік ойлау машықтарын дамыту. Сөз тіркестерін, сөздерді және дыбыстарды анық дауыстап айтуға жаттықтыру. Анасы туралы пікірін тиянақты, еркін жеткізе білуге талпындыру. Үлкенге ізеттілік көрсетуге, кішіге қамқор болуға тәрбиелеу. Көркем әдебиет Тақырыбы: «Дәрігер Айболит»(ертегі) Мақсаты:балаларды мейрімділікке, өзге адамдарға, жануарларға қамқорлық қатынас білдіруге талаптандыруды жалғастыру.	Математика негіздері Тақырыбы: «Алдында – артында. Жуан – жіңішке» Мақсаты: өзінің дене бөліктерінің орналасу бағдарын білуге үйретуді жалғастыру: алдында – артында; ені бойынша екі қарама-қарсы және бірдей заттарды салыстыру; заттарды қалыңдығы бойынша салыстыру дағдыларын бекіту: логикалық ойлауын дамыту; тапсырмаларды орындауға қызығушылығын тәрбиелеу. Жаратылыстану Тақырыбы: «Қағаз бен мата» Мақсаты: Қағаз бен матаның қасиеттері туралы түсінік қалыптастыру. Қарапайым тәжірибелік-зерттеу жүргізе білу дағдыларын қалыптастыру. Қоршаған ортадағы заттарға, ересектердің еңбегіне құрметпен қарауға үйрету.	Сурет салу Тақырыбы: «Анама арналған моншақтар» Мақсаты: Балаларға дөңгелек болып сызылған жіпке гуашь бояуымен бірдей көлемде дөңгелек моншақтардың суретін салуды үйрету. Моншақтың сәндік бұйым екендігін түсіндіру арқылы эстетикалық талғамын дамыту. Көркемдік талғампаздыққа тәрбиелеу. Музыка Тақырыбы: «Шуақты көктем» Мақсаты: Көктем мезгілінің ерекшеліктерін, музыка ырғақтарымен байланысын түсіндіру; ұнтаспадан музыка тыңдау, есту қабілеттерін арттыру; ұлттық би элементтерінің қарапайым түрлерін орындауға үйрету, вальс екпініндегі би қимылдарын үйретуді жалғастыру; музыкалық сүйемелдеумен және сүйемелдеусіз сипатына сай ән салуға және ойындарға таныс би қимылдарын қолдана білуге үйрету. Мүсіндеу Тақырыбы: «Ұшақ» Мақсаты: Бөлшектерді құрастыру арқылы ұшақты мүсіндеуді үйрету. Қиялдау сезімін дамыту.	Қоршаған ортамен танысу Тақырыбы: «Отбасында бәрі еңбек етеді» Мақсаты: балаға жақын адамдарды еңбек әрекеттері туралы түсініктерін байыту. Ересектердің еңбектеріне деген қызығушылығын және оның нәтижесін қадірлеуге тәрбиелеу. Балаларды ересектермен бірлесіп еңбек етуге тарту. Туған үйін, отбасының мүшелерін құрметтеуге, оларға қамқорлықты танытуды тәрбиелеу.

2-апта	Өнер көзі- халықта	1.Дене шынықтыру Тақырыбы: «Балаландар» Негізгі қимылдары: жылдам қарқынмен тіке бағытта 10 м қашықтыққа жүгіру. 25 см биіктіктегі баспалдақтың тақтайшаларынан аттап өту. Мақсаты:«Түрлі түсті шарларды үрлейміз» тыныс алу гимнастикасын; «Тауық пен балаландар» аяқ массажын қолдана отырып, дене жаттығуларын орындауға қызығушылықтарын қалыптастыру. 2.Дене шынықтыру Тақырыбы: «Көбірек күле біл» Негізгі қимылдары: бір аяқтан екіншісіне секіру. 10 метр қашықтыққа жылдам қарқынмен жүгіру. Гимнастикалық қабырғаның екінші сатысына бекіткен көлбеу тақтайдан сырғанап түсу. Мақсаты:аяқтан аяққа секіру дағдысын қалыптастыру. 3.Дене шынықтыру Тақырыбы: «Кел, шынығайық, жаттығу жасайық!» (таза ауада) Негізгі қимылдары: сапқа тұру және жұптасып жүру. 2 метр қашықтыққа алға қарай екі аяқпен секіру. Еденде жатқан кедергілерден аттап өту. Мақсаты:«Көжек» биологиялық белсенді зоналарына массаж жасау арқылы балалардың дене шынықтыру жаттығуларын орындауға қызығушылығын қалыптастыру және қызығушылығын дамыту.	Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: «Менің сүйікті мысығым» (тәжірбие бойынша әңгіме құрастыру). Мақсаты: Сурет бойынша әңгіме құрастыруға үйретуді жалғастыру. Тілде сын есімдерді (кішкентай, тентек, жұмсақ, ойынпаз т.б.) белсенді қолдана білуге және «м» дыбысын айтуға жаттықтыру. Үй жануарларына деген қамқорлық сезімін ояту. Орыс тілі Тема: «Мебель» Цель: Уточнить знания детей о некоторых предметах мебели и их назначении, учить правильно называть предметы мебели, понимать обобщающее слово мебель. Развивать зрительное внимание, зрительную память.	Математика негіздері Тақырыбы: «Әртүрлі заттар тобын салыстыру» Мақсаты: әртүрлі заттар тобын көлемі, саны бойынша салыстыру білігін қалыптастыру. заттарды оң қолымен солдан оңға қарай орналастыруға үйрету; заттарды қатар қойып салыстыру кезінде «сонша, неше...», «теңбе-тең», «үлкен», «кіші» терминдерін пайдалануға баулу; есту сезімін дамыту; жапсырмамен, қарындашпен жұмыс жасау әрекетін дамыту; байланысты сөйлеуін дамыту; мұқияттылыққа, дербестікке тәрбиелеу. Жаратылыстану Тақырыбы: «Көктем келді» Мақсаты: Балаларды көктемгі табиғатқа тән ерекшеліктермен таныстыру; табиғаттағы қарапайым байланыстар туралы түсінік қалыптастыру. Табиғатты эстетикалық тұрғыдан қабылдауға, оның сұлулығына масаттануға, оны көздің қарашығындай сақтауға үйрету. Қысқы ұйқыдан оянып келе жатқан табиғаттағы өзгерістерге қуанып, оны аялауға баулу. Құрастыру Тақырыбы: «Пойыз» Мақсаты: құрылыс материалдарын пайдаланып пойыз құрастыра білуге үйрету, оның басқа көлік түрлерінен айырмашылығын білу.	Сурет салу Тақырыбы: «Тәрелкені әшекейлеу». Мақсаты: Балаларды шеңберге өрнек сала білуге үйрету, бояу реңктерін таңдауға және үлгіге қарай отырып оны сақтауға дағдыландыру, жұмыс кезінде сызбаны пайдалану, әсемдікті сезіне білу арқылы эстетикалық тәрбие беру. Музыка Тақырыбы: «Шуақты көктем» Мақсаты: ұнтаспадан музыка тындау, есту қабілеттерін арттыру; ұлттық би элементтерінің қарапайым түрлерін орындауға үйрету, вальс екпініндегі би қимылдарын үйретуді жалғастыру. Музыка Тақырыбы: «Наурыз-думан» Мақсаты: Наурыз мерекесі туралы, қазақтың салт-дәстүрі жайында түсінік беру; әнді бірге бастап, бірге аяқтауға, табиғи дауыспен айтуға, таныс би қимылдарын қайталай білуге үйрету; ойын арқылы музыкалық ұрмалы аспаптардың дыбыстау динамикасын ажыратуға баулу. Музыка тындау: «Бауырсақ» Ө. Бейсеуов, Н. Арынова. Ән айту: «Наурыз» А. Досмағамбетова, «Көктем» К.	
--------	--------------------	---	--	---	--	--

3-апта	Қазақстан халқының салттары мен дәстүрлері	1.Дене шынықтыру Тақырыбы: <i>«Наурызға сыйлықтар»</i> Негізгі қимылдары: 1,5 метр қашықтықтан көлденең нысанаға екі қолмен төменнен лақтыру. Бір аяқтан екіншісіне секіру. Мақсаты:көлденең нысанаға лақтыру дағдысын қалыптастыру. 2.Дене шынықтыру Тақырыбы: <i>«Наурыз»</i> Негізгі қимылдары: еденде жатқан ені – 25 см, ұзындығы 2 метр тактайда төрттағандап еңбектеу. 2 метр қашықтықтан көлденең нысанаға екі қолмен төменнен тигізу. Мақсаты:төрттағандап еңбектеу дағдысын қалыптастыру. 3.Дене шынықтыру Тақырыбы: <i>«Қадамды нық басамыз, Аяққа күш қосамыз» (таза ауада)</i> Негізгі қимылдары: Шашыла жүру және жүгіру, жылдам қарқынмен 14 метр қашықтыққа жүгіру. Тереңдікке секіру – биіктігі 20 см сәкіден жартылай бүгілген аяқпен секіріп түсу. Допты жоғарыға лақтырып, екі қолмен қағып алу. Мақсаты:допты жоғары лақтыру дағдысын қалыптастыру.	Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: <i>«Әңгіме құрастырамыз»</i> Мақсаты: сызба бойынша әңгіме құрастыру, зат есім мен сын есімді байланыстыру арқылы қарапайым оқиғаны ойдан шығару, күшіктің қимылын, дыбысын дыбыстай білуді үйрету. Сұрақ жауап арқылы баланың тілін, зейінін,есте сақтау қабілетін дамыту. Үй жануарларына қамқор болуға тәрбиелеу. Көркем әдебиет Тақырыбы: <i>«Сыпайылық сабақтары» (өлең)</i> Мақсаты:балаларды адамдар арасындағы қарым–қатынастың адамгершілік нормаларымен, әлеуметтік ортадағы жүріс–тұрыс ережелерімен таныстыруды, сыпайылықтың қарапайым дағдыларына тәрбиелеуді жалғастыру.	Математика негіздері Тақырыбы: <i>«Сол жақ – оң жақ. Дөңгелек»</i> Мақсаты: оң жағы мен сол жағын ажырата алу білігін бекітуді жалғастыру; шеңбер – геометриялық пішіні туралы білімдерін нақтылау. қасына қою әдісін пайдалану арқылы қай топта заттар көп немесе аз немесе тең екенін анықтау білігін бекітуді жалғастыру; қоршаған ортадан шеңбер пішінді заттарды таба білу білігін бекітуді жалғастыру. Заттарды бірінің үстіне бірін тура қою білігін дамыту; зерттеу әрекетіне қызығушылығын тәрбиелеу. Жаратылыстану Тақырыбы: <i>«Шұбар тауық»</i> Мақсаты: Үй құстары туралы түсінік қалыптастыру. Балалардың зейін қою, есте сақтау, ойлау қабілетін дамыту; тану үдерісін жандандыру. Үй құстарына қамқорлық жасауға үйрету.	Сурет салу Тақырыбы: <i>«Күн жарқырап, шөп өсті»</i> Мақсаты: Балалардың бояумен сурет салуға қызығушылықтарын арттыру. Дөңгелек затты түрлі бағыттағы түзу сызықтармен үйлестіріп салу біліктіліктерін бекіту. Ұқыптылыққа, әдемілікке тәрбиелеу. Музыка Тақырыбы: <i>«Наурыз-думан»</i> Мақсаты: қазақтың салт-дәстүрі жайында түсінік беру; әнді бірге бастап, бірге аяқтауға, табиғи дауыспен айтуға, таныс би қимылдарын қайталай білуге үйрету; ойын арқылы музыкалық ұрмалы аспаптардың дыбыстау динамикасын ажыратуға баулу. Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар: «Хош келдің, төрлет, наурызым!» әні (үнтаспада) Б. Бейсенова. «Би» Л. Хамиди. «Гүлдермен би» Т. Вилькорейская Жапсыру Тақырыбы: <i>«Кесені әшекейлейміз»</i> Мақсаты: сәндік өнер туралы білімдерін нақтылау, ыдысты әшекейлей білуді үйрету ою өрнектерді ажырата білуді үйрету, мәнерлілік элементтеріне тәрбиелеу.	Қоршаған ортамен танысу Тақырыбы: <i>«Жайлауға саяхат»</i> Мақсаты: балалардың жайлау, киіз үй және оның құрал-жабдықтары туралы білімдерін қалыптастыру. Міндеттері: 1. Балалардың киіз үй және оның құрал-жабдықтары туралы түсініктерін белсендіру. 2. Балалардың қазақ халқының тұрмыстық заттарының атауларымен, таныс емес заттардың мағынасы туралы ой-өрісін кеңейту. 3. Балалардың қазақ халқының мәдениеті мен тұрмыс салтын құрметтеуге тәрбиелеу.

4-апта	Сикырлы ертегілер әлемі	1.Дене шынықтыру Тақырыбы: «Біз күштірек, үлкенірек боламыз» Негізгі қимылдары: бір жағы 20 см көтерілген көлбеу тақтайдың үстімен жүру. Ені – 25 см, ұзындығы 2 м еденде жатқан тақтайдың үстімен алақан мен табанды тіреп,төрттағандап еңбектеу. Мақсаты:тепе-теңдікті, қимыл үйлесімділігін сақтау дағдыларын қалыптастыру. 2.Дене шынықтыру Тақырыбы: «Суреттер-мен жұмыс істеуге тапсырма» Негізгі қимылдары: баяу қарқынмен жүгіру(40 секунд). Тепе-теңдікке жаттығулар, бір жағы 30 см көтерілген тақтаймен жоғары және төмен қарай жүру. Бір-бірінен 1 метр арақашықтықпен бір қатарға қойылған кедергілердің арасынан допты «жыландай» ирелендетіп домалату (қатардың жалпы ұзындығы 6 метр). Мақсаты:доптарды «ирелендете» домалату дағдысын қалыптастыру. 3.Дене шынықтыру Тақырыбы: «Біз көңілді ойнаймыз» (таза ауада) Негізгі қимылдары: бүрлерді оң және сол қолмен алысқа лақтыру. Мақсаты: «Қоңыздар» тыныс алу гимнастикасын қолдана отырып, дене жаттығуларын орындауға қызығушылықтарын қалыптастыру.	Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: «Бізге көлік қалай және қандай көмек көрсетеді?» Мақсаты: Балаларға көліктер туралы түсінік беру, олардың түрлерін ажыратуға үйрету; сурет бойынша әңгімелей білуге үйрету. Сөздік қорларын толықтыру, дауыс ырғағын дұрыс сақтап сөйлеулерін дамыту. Ойыншық көлік түрлерін мұқият, ұқыпты ұстауға тәрбиелеу. Орыс тілі Тема: «Воздушные шары» Цель: Познакомить детей с лексикой по теме. Побуждать использовать в разговоре речевые образцы «Доброе утро». Воспитать интерес к изучению русского языка.	Математика негіздері Тақырыбы: «Ұзын – қысқа. Біркелкі заттар» Мақсаты: екі қарама-қарсы және бірдей заттарды ұзындығы бойынша салыстыра білуді бекіту; біркелкі заттарды санау және алуға үйретуді жалғастыру; балаларды ұзындығы әртүрлі заттарды бір-бірінің үстіне қою тәсілімен салыстыруға үйретуді және ұзынырақ, қысқарақ, ұзындығы бірдей сөздерін қолдану арқылы айтып жеткізуді жалғастыру; біркелкі заттарды таба білуге үйретуді логикалық ойлауын, сөйлеуін дамыту; оқу қызметіне қызығушылығын тәрбиелеу. Жаратылыстану Тақырыбы: «Құстар ұшып келді» Мақсаты: Балалардың санасында жыл құстары туралы түсінік қалыптастыру. Қарапайым тәжірибелік-зерттеу жүргізе білу қабілеттерін қалыптастыру. Жанды табиғатқа сүйіспеншілікпен қарауға, құстарды аялауға үйрету. Құрастыру Тақырыбы: «Анама сыйлық» Мақсаты: қағазбен жұмыс жасау дағдыларын қалыптастыру, қағаздан умаждап гүлдер жасай білуге үйрету, қағаз беттерін көлемді пішіндерге түрлендіру.	Сурет салу Тақырыбы: Сүйікті ойыншықтар (мұнара, машина). Мақсаты: Балалардың ойыншықтар жайлы түсініктерін кеңейту. Өз ойыншықтарын сипаттап әңгімелету арқылы сөздік қорын молайту. Сүйікті ойыншықтарының суретін салуға жаттықтыру. Сурет салу дағдыларын қалыптастыру, ойыншықтарына ұқыптылықпен қарауға тәрбиелеу. Музыка Тақырыбы: «Әдемі көбелек» Мақсаты: Музыкалық шығарманы тыңдап, эмоциямен қабылдауға; дыбыстарды биіктігіне қарай ажыратып, музыкалық сүйемелдеумен әнді хормен айтуға баулу; қимыл қарқынын өзгерте отырып, ырғақты сезіне жеңіл билеуге үйрету. Музыка тыңдау: «Вальс» (үнтаспадан музыка жетекшісі Ән айту: «Көктем» К. Қуатбаев, «Наурыз» А. Досмағамбетова. Музыка Тақырыбы: «Әдемі көбелек» Мақсаты: Музыкалық шығарманы тыңдап, эмоциямен қабылдауға; дыбыстарды биіктігіне қарай ажыратып, музыкалық сүйемелдеумен әнді хормен айтуға баулу; қимыл қарқынын өзгерте отырып, ырғақты сезіне жеңіл билеуге үйрету. Музыка тыңдау: «Вальс» (үнтаспадан музыка жетекшісі Ән айту: «Көктем» К. Қуатбаев, «Наурыз» А. Досмағамбетова. Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар: «Көбелек» М. Жәутіков («Билеп үйренейік» жинағынан). «Гүлдермен би» Т.Вилькорейская «Гүлзардағы көбелектер»

Ортаңғы топ сәуір айы 2021 жыл
Өтпелі тақырып: «Біз еңбекқор баламыз»

Мақсаты: Балалардың белсенді қимыл әрекеттерін ұйымдастыру, ересектермен еркін қарым –қатынас жасау дағдыларын дамыту. Еңбексүйгіштікке, еңбек адамдарына деген құрмет сезімдерін білдіруге тәрбиелеу. Мектепке дейінгі жастағы балалардың денсаулық, тілдік, танымдық және шығармашылық деңгейлері бойынша білім, білік, дағдыларын арттыру.

Міндеттері:

- Шынықтырудың түрлі тәсілдерін қолдану арқылы салауатты өмір салтын, жеке бас гигиенасын сақтауға қалыптастыру;
- Үлкендердің еңбегімен таныстыра отырып еңбекті құрметтеуге үйрету. Еңбек әрекеттерін орындауға ынталандыру;
- Түрлі техникаларды қолдану арқылы пәндік шығармашылық ортаны қалыптастыру, өнерге баулу;
- Еңбек ету барысында қоршаған ортаны күтіп-баптауға қалыптастыру, бақылағыштық сезімдерін дамыту.

Апта	Тақырып	«Денсаулық»-3 Дене шынықтыру-3	«Қатынас»-2 Сөйлеуді дамыту-1 Көркем әдебиет-0,5 Орыс тілі-0,5	«Таным»-2,5 Математика негіздері-1 Құрастыру-0,5 Жаратылыстану-1	«Шығармашылық»-3 Сурет салу-1 Мүсіндеу-0,25 Жапсыру-0,25 Музыка-1,5	«Әлеумет»-0,5 Қоршаған ортамен танысу-0,5
1-апта	Алғашқы құстар	1.Дене шынықтыру Тақырыбы: «Бәріне де цирк ұнайды» Негізгі қимылдары: секіріп жүгіру. Баяу қарқынмен жүгіру (40 секунд). Еденге тігінен қойылған үш шеңберден еңбектеп өту. Мақсаты:шоқырақтап тура жүру дағдысын қалыптастыру. 2.Дене шынықтыру Тақырыбы: «Бір, екі, үш, төрт, бес, Біз ойнаймыз бірігіп» Негізгі қимылдары: 1,5 метр қашықтықтағы көлденең тұрған нысанаға екі қолмен кеудеден лақтыру. Секіріп жүгіру. Бір-бірінің қолынан ұстап шеңбермен жүру. Мақсаты:көлденең нысанаға лақтыру дағдысын қалыптастыру. 3.Дене шынықтыру Тақырыбы: «Қозғалыс көңіл күйді көтереді» (таза ауада) Негізгі қимылдары: гимнастикалық қабырғаға мініп-түсу. Диаметрі 15 см допты тордан екі қолмен бастан асыра лақтыру. Мақсаты:аласа заттардан секіріп түсу дағдысын қалыптастыру	Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: «Менің көңілді добым» (сипаттау). Мақсаты: Ойыншық туралы әңгіме құрастыруға үйретуді жалғастыру. Заттарды қарастыруда олардың түсін, пішінін, қандай материалдан жасалғанын анықтауға үйрету. Балалардың сөздік қорын молайтып, тілін жаттықтыру. Ойыншықтарды күтіп, ұқыпты, таза ұстауға тәрбиелеу. Көркем әдебиет Тақырыбы: «Жақсы деген немене, жаман деген немене» В.Маяковский Мақсаты:Қоршаған ортада жақсы деген не екенін түсіндіру. Адам бойындағы жақсы қасиеттерді дамыту. Әдептілікке тәрбиелеу.	Математика негіздері Тақырыбы: «Биік – аласа. Жуан – жіңішке» Мақсаты: екі қарама-қарсы және бірдей заттарды биіктігі мен жуандығы бойынша салыстыра білуді бекіту; қалыңдығы мен биіктігі әртүрлі және бірдей заттарды салыстыру білігін бекіту; сөйлегенде «қалыңырақ, жұқалау, қалыңдығы бірдей, биіктеу, аласа, биіктігі бірдей» сөздерін қолдануға баулу; логикалық ойлауын дамыту; ықыласты болуға тәрбиелеу. Жаратылыстану Тақырыбы: «Шуақты күн» Мақсаты: Жер бетінде тіршілік болуы үшін күннің қажеттігін түсіндіру. Қарапайым тәжірибелік-зерттеу жүргізе білу қабілеттерін қалыптастыру. Балаларды жылдың кез келген мезгілінде табиғаттың сұлулығын көре білуге тәрбиелеу.	Сурет салу Тақырыбы: «Құстар» Мақсаты: Құстар туралы түсініктерін кеңейту. Құстардың үнін, қимыл-қозғалысын бейнелеп, дене бөліктерін ажырата білуге үйрету. Құстардың бейнесін сала білуге үйрету, сурет салуға деген қызығушылықтарын арттыру. Құстарға қамқорлық жасап, қорғай білуге тәрбиелеу. Музыка Тақырыбы: «Не қалай дыбыстайды?» Мақсаты: Әртүрлі сипаттағы әндердің мазмұны мен көңіл күйін қабылдап, ажыратуға; ауыспалы ән сипатын ажырата білуге, хормен ән айтуға дағдыландыру; музыка сипатына сәйкес еркін қимылдауға, үй жануарларының қимылдарын көрсете білуге үйрету. Музыка тыңдау: «Төлдерді шақыру» Д. Ботбаев, А.Асылбек. Ән айту: «Төлдер» Б. Ғизатов, Е. Өмірбеков. Мүсіндеу Тақырыбы: «Көлшектеті үйректің балапандары» Мақсаты: Үй құстары туралы түсініктерін кеңейту, үйректің балапандарымен танстыру. Екі бөлшекті біріктіру, тегістеу, шымшып созу әдістерін пайдалануды дамыту.	Қоршаған ортамен танысу Тақырыбы: «Әжеме қонаққа келдім» Мақсаты: балаға жақын адамдардың еңбек әрекеттері туралы түсініктерін байыту. Қазақ халқының дәстүрлеріне қызығушылықты, қолдау және құрметтеуді дамыту.

2-апта	Ғарышқа саяхат	1.Дене шынықтыру Тақырыбы: «Ормандағы алаңқайда ойнаймыз» Негізгі қимылдары: алақан мен тізені тіреп, модульді аттап өтіп, төрттағандап еңбектеу. 2 метр қашықтықтағы көлденең тұрған нысанаға екі қолмен кеудеден лақтыру. Мақсаты:бірнеше заттардан асып өту дағдысын қалыптастыру. 2.Дене шынықтыру Тақырыбы: «Көктемгі көңіл күй» Негізгі қимылдары: тегістелген бөрене үстімен жүру Модульдерден алақан мен табанды тіреп төрттағандап еңбектеп өту. Мақсаты:бөренемен жүру дағдысын қалыптастыру 3.Дене шынықтыру Тақырыбы: «Біздің қолдар жай емес, біздің қолдар алтын ғой» (таза ауада Негізгі қимылдары: допты еденге лақтырып, секіріп түскенде қағып алу. Гимнастикалық баспалдаққа міну, төменгі тақтайшалар арқылы келесісіне өте білу. Мақсаты:допты жерге соғу дағдысын қалыптастыру	Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: «Әйгерімнің ойыншықтары» (Ойын сахналау, сөздік жұмыс). Мақсаты:Балалардың ойыншық туралы түсініктерін кеңейту. Балалардың сөздік қорын байыту. Үлгі және тәрбиешінің айтуы бойынша заттардың белгілі бір түсі мен мөлшерін ажыратуға жаттықтыру (текше, кішкентай, үлкен, әдемі). Ойыншықтарды күтіп, ұқыпты, таза ұстауға тәрбиелеу. Орыс тілі Тема: «Наурыз. Первые весенние цветы» Цель:Развитие фонематического слуха, фонетических навыков, развитие навыков диалогической речи, воспитание эмоционально-положительного отношения к русскому языку.	Математика негіздері Тақырыбы: «Бекіту. Дөңгелек, шаршы» Мақсаты: геометриялық пішіндер туралы білімдерін нақтылау: дөңгелек, шаршы, шеңбер, шаршы геометриялық пішіндер туралы білімдерін бекіту;; жұмбақтарды шешуге, жұмбақ негізіне алынған өлеңдегі салыстыра бейнелеуді түсінуге үйрету; логикалық ойлауын, сөйлеуін дамыту; оқу қызметіне қызығушылығын тәрбиелеу Жаратылыстану Тақырыбы: «Көгілдір көктем» Мақсаты: балалардың санасында табиғатта көктемде болатын құбылыстар жайлы түсінік қалыптастыру. Табиғаттағы маусымдық өзгерістер туралы түсінігін кеңейту; байқампаздығын дамыту. Көктемде табиғаттың оянуына, оны қызықтауға деген ынтасын ояту. Құрастыру Тақырыбы: «Үйлер» Мақсаты: құрылыс материалдарын пайдаланып бір немесе көп қабатты үйлерді және мұнара құрастыра білуге үйрету, олардың түсі және көлемін ажырата алу.	Сурет салу Тақырыбы: «Бақбақ» Мақсаты: Балалардың көктемгі табиғат ерекшеліктері туралы түсініктерін кеңейту. Балаларға көктемде өсетін бақбақтың бейнесін салуды үйрету. Табиғатты сүйе білуге, жанашырлықпен қарауға тәрбиелеу. Музыка Тақырыбы: «Не қалай дыбыстайды?» Мақсаты: хормен ән айтуға дағдыландыру; музыка сипатына сәйкес еркін қимылдауға, үй жануарларының қимылдарын көрсете білуге үйрету. Музыка тыңдау: «Төлдерді шақыру» Музыкалық-ырғақтық көзғалыстар: «Төрттаған» Б. Дәлденбай. «Төлдердің анасын тап» («Муз-дидактикалық ойындар» жинағынан). Музыка Тақырыбы: «Аспаптар әлемі» Мақсаты: Музыкалық ойыншық аспаптардың (барaban, бубен, қоңырау) дыбыс шығаруын ажырата білуге; әннің мазмұнын түсініп, музыкалық сүйемелдеумен «фе-ля» бірінші октавасының диапазонында ән салуға үйрету; бір-бірлеп би қимылдарын жасауға, әуен ырғағына, мәтініне сай ойыншықтар мен қуыршақтарды таныс би қимылдарын орындауға үйрету. Музыка тыңдау: «Барaban» Г. Левкодимов. Ән айту: «Ойыншықтар»
--------	----------------	---	---	---	--

3-апта	Көктемгі егістік	1.Дене шынықтыру Тақырыбы: «Сиқырлы қоңырау» Негізгі қимылдары: аяқты алға қарай қойып жүру. Тегістелген бөрене үстімен жүру. Музыкалы-ырғақты қимылдар. Мақсаты:нық кадаммен жүру дағдысын қалыптастыру. 2.Дене шынықтыру Тақырыбы: «Бауырсақ, бауырсақ» Негізгі қимылдары:кедергілер арасынан «жыланша» ирелендеп жүру. Орнында тұрып екі сызық арқылы ұзындыққа секіру. Доға астынан еңбектеу (биіктігі – 50 см). Мақсаты:ирелендеп жүру дағдысын қалыптастыру. 3.Дене шынықтыру Тақырыбы: «Тентек доптар саусақтарды шыңдайды» (таза ауада) Негізгі қимылдары: допты жоғары лақтырып, екі қолмен қағып алу. Терендікке секіру – 20 см биіктіктегі сәкіден секіру. Мақсаты: допты лақтыру және екі қолмен ұстау дағдысын қалыптастыру.	Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: «Көктем келді» (сұрақ жауаптар). Мақсаты: Тәрбиешінің сұрақтарына байланысты жауаптар қайтаруға (қар ериді, күн жылынады, құстар ұшып келеді) сөз тіркестерін құрастыруға (күн ашық, гүлдер әдемі) үйрету. Жұмбақтардың мағынасын түсінуге,сурет арқылы шешулерін табуға үйрету, «к» дыбысының дұрыс айтылуын бекіту; Табиғаттағы құбылыстарды бақылай отырып, сүйіспеншілікке, табиғатты аялауға тәрбиелеу. Көркем әдебиет Тақырыбы:«Қызыл телпекті қыз» (ертегі) Ш.Перро Мақсаты: ертегінің мазмұнын түсінуге, кейіпкерлердің әрекеттеріне баға беруге көмектесу.	Математика негіздері Тақырыбы: «Жалпақ – жіңішке.Заттар-ды белгісі бойынша салыстыру» Мақсаты: екі қарама-қарсы және бірдей заттарды ені бойынша салыстыра білуді бекіту; түсі бойынша бірдей заттарды табуға үйрету. «жалпақ», «жіңішке», «ені бойынша бірдей» сөздерін қолдануға баулу; түсі және белгісі бойынша бірдей заттарды табуға үйрету; жұмбақ шешу білігін бекіту, жұмбақ негізіне алынған поэтикалық бейнелерді түсіндіру; бақылағыштығын, ойлау белсенділігін байланыстырып, сөйлеу білігін дамыту, бір-біріне көмектесу талаптарын тәрбиелеу. Жаратылыстану Тақырыбы: «Жәндіктер – кішкентай көмекшілер» Мақсаты: Жәндіктердің бәрі тірі жан иесі деген түсінік қалыптастыру: олар да тыныс алады, қозғалады, тамақтанады. Қарапайым тәжірибелік-зерттеу жүргізе білу қабілеттерін қалыптастыру. Табиғат әлеміне мейірімді болуға үйрету.	Сурет салу Тақырыбы: «Саңырауқұлақтар» Мақсаты: Саңырауқұлақтар туралы түсініктерін қалыптастыру, сопақша және жартылай дөңгелек пішіндерден тұратын бейненің суретін салуға дағдыландыру. Эстетикалық талғамын дамыту. Табиғатқа деген сүйіспеншілік сезімін тәрбиелеу. Музыка Тақырыбы: «Аспаптар әлемі» Мақсаты: әннің мазмұнын түсініп, музыкалық сүйемелдеумен «фе-ля» бірінші октавасының диапазонында ән салуға үйрету; бір-бірлеп би қимылдарын жасауға, әуен ырғағына, мәтініне сай ойыншықтар мен қуыршақтарды таныс би қимылдарын орындауға үйрету. Ән айту: «Ойыншықтар» И. Нүсіпбаев, Н. Әлімқұлов. «Төлдер»Б.Ғизатов,Е.Өмірбеков Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар: «Марш» Е. Брусиловский. «Кімнің жүгіргісі келеді?» Л. Вишарева. «Музыкалық аспаптар дүкені» Жапсыру Тақырыбы: «Достарыма арналған шарлар». Мақсаты: негізгі түстер туралы білімдерін бекіту; бейнелеу іс-әрекетіне баули отырып, мерекелік көңіл күй сыйлай білуді үйрету; бейнелеу іс-әрекетіне деген қызығушылығын ояту; жолдастыққа тәрбиелеу.	Қоршаған ортамен танысу Тақырыбы: «Тамақты кім пісіреді?» Мақсаты: ересектердің қызметі және еңбек әрекеттері туралы ұғымдарын байыту. Аспазшының еңбек әрекеттері туралы білім беру . балалардың қолдарынан келетін еңбек әрекеттерді орындауға тарту.

4-апта	Жайлауға қонаққа барамыз. Жануарларға қамқорлық	1.Дене шынықтыру Тақырыбы: «1-2-3 – кітапқа жан біт!» Негізгі қимылдары: алға қарай ұмтылып екі аяқпен 3 метр қашықтыққа секіру. Бақаймен жүру және жүгіру. Кедергілер арасынан «жыланша» ирелендеп өту. Мақсаты:екі аяқпен секіру дағдысын қалыптастыру. 2.Дене шынықтыру Тақырыбы: «Балақайлар хайуанаттар бағында» Негізгі қимылдары: алаңның бір жағынан екінші жағына жүгіру (арақашықтығы 10 м). Тепе-теңдікті сақтай отыра бір-бірінен 20 см қашықтықта жатқан кедергілер арқылы аттап жүру. Гимнастикалық қабырғаның екінші сатысына бекітілген көлбеу тақтайдан сырғанау. Мақсаты: тепе-теңдікті және қимыл үйлесімділігін сақтау дағдысын қалыптастыру. 3.Дене шынықтыру Тақырыбы: «Аңдарға арналған жаттығу» (таза ауада) Негізгі қимылдары: бір орыннан ұзындыққа секіру. Допты қақпаға домалату. Мақсаты:бір орыннан ұзындыққа секіру. Допты қақпаға домалату.	Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: «Өзінің отбасы туралы әңгіме» Мақсаты: Өзінің отбасы туралы әңгіме құрастыруға үйрету. Тілде сын есімдерді (мейірімді, тату), етістіктерді (қамқорлық жасау, жұмыс істейді, көмектеседі) дұрыс жолдана білуді үйрету. Өз отбасы жайлы әңгімелеу барысында сөздік қорларын дамыту, есте сақтау қабілеттерін арттыру, «г», «п» дыбыстарының айтылуын бекіту. Балаларды үлкенді сыйлауға, кішіге қамқор болуға тәрбиелеу. Орыс тілі Тема: «Посуда» Цель: Формировать умений и навыки согласовывать прилагательные с существительными в роде и числе (большая чашка, маленькие тарелки и т.д.). Создание условий для понимания вопросов «какой?» Выработка умений понимать предложение с вопросительным словом «где?». Развитие умения понимать и использовать в речи обобщающие слова.	Математика негіздері Тақырыбы: «Тәулік бөліктері» Мақсаты: тәуліктің қарама-қарсы бөліктерін анықтауға үйретуді жалғастыру, тәулік бөліктерін – таң, күн, кеш, түнді атау және ажырату біліктерін бекіту; уақыт бойынша бағдарлана білуге үйрету; ертегіден үзіндіні тыңдап, шешуін табуға үйрету; қайырымдылыққа тәрбиелеу. Жаратылыстану Тақырыбы: «Тұқымнан не өсіп шығады?» Мақсаты: Асбұршақ, атбасбұршақ тұқымдары және оларды егу жолдары туралы түсінік қалыптастыру. Зейін қою, ойлау, сөйлеу қабілетін, қолдың моторикасын дамыту. Қоршаған ортаға деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу, табиғатты аялауға үйрету. Құрастыру Тақырыбы: «Жайлаудағы қошақандар» Мақсаты: қағазды бүктеу, жырту, умаждау тәсілдерін пайдаланып қағаз беттерін көлемді пішіндерге өзгертуді үйрету.	Сурет салу Тақырыбы: «Жол бойымен арба келеді» Мақсаты: Арба көліктің бірі екендігі туралы түсініктер беру. Қарындашпен үзік сызықтарды қосу арқылы сурет салу жолдарын түсіндіру. Эстетикалық талғамын қалыптастыру. Музыка Тақырыбы: «Кәне, қызық ойын бар» Мақсаты: Музыкалық шығарманы эмоциямен қабылдауға дағдыландыру; шығарманың көңілді сипатына сәйкес сүйемелдеумен және сүйемелдеусіз ән салуға үйрету; музыка ырғағына сай жұптаса отырып би қимылдарын орындауға баулу, көңіл күй, шаттық сезімін ояту. Музыка тыңдау: «Мәшине» К. Қуатбаев, Т. Тұякбаев. Ән айту: «Кәне, қызық ойын бар» (эстон халық әуені, сөзін жазған Ю. Энтин, ауд. И. Сапарбай). «Ойыншықтар» И.Нүсіпбаев, Н. Әлімқұлов. Музыка Тақырыбы: «Кәне, қызық ойын бар» Мақсаты: ән салуға үйрету; музыка ырғағына сай жұптаса отырып би қимылдарын орындауға баулу, көңіл күй, шаттық сезімін ояту. Музыка тыңдау: «Мәшине» К. Қуатбаев, Т. Тұякбаев. Ән айту: «Кәне, қызық ойын бар» (эстон халық әуені, сөзін жазған Ю. Энтин, ауд. И. Сапарбай). «Ойыншықтар» И. Нүсіпбаев, Н. Әлімқұлов. Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар: «Бөбектер биі» К. Қуатбаев. «Жай және жылдам»	
--------	---	---	--	---	---	--

**Ортаңғы топ мамыр айы 2021 жыл
Өтпелі тақырып «Әрқашан күн сөнбесін!»**

Мақсаты: «Денсаулық», «Қатынас», «Таным», «Шығармашылық» және «Әлеумет» білім беру салаларының мазмұндары бойынша меңгерген білім, білік, дағдыларын анықтау, бекіту

Міндеттері:

1. Дене жаттығуларын орындау, қимылды ойындар ережелерін, спорттық ойындардың техникаларын меңгеру және жеке бас гигиеналарын сақтау дағдыларын бекіту;
2. Ана тілі және басқа да тілдерде барлық дыбыстарды дұрыс айту, қарым-қатынасқа түсу, сөйлемдердің әртүрлі түрлерін қолдану және сөйлеу дағдыларын бекіту;
3. Тәулік бөліктерін, кеңістіктегі заттардың орналасуын, түрлі мәселелерді шешудің әдістерін және құрылыс бөлшектерін анықтау дағдыларын бекіту. Қоршаған орта туралы қарапайым түсініктерін анықтау;
4. Шығармашылық дағдыларын, отбасылық құндылықтарын және отансүйгіштік сезімдерін бекіту;

Апта	Тақырып	«Денсаулық»-3 Дене шынықтыру-3	«Қатынас»-2 Сөйлеуді дамыту-1 Көркем әдебиет-0,5 Орыс тілі-0,5	«Таным»-2,5 Математика негіздері-1 Құрастыру-0,5 Жаратылыстану-1	«Шығармашылық»-3 Сурет салу-1 Мүсіндеу-0,25 Жапсыру-0,25 Музыка-1,5	«Әлеумет»-0,5 Қоршаған ортамен танысу-0,5
1-апта	Бір шаңырақ астында	1.Дене шынықтыру Тақырыбы: «Орман,тоғайға серуенге барамыз» Негізгі қимылдары: биіктігі 10 см заттың үстінде екі аяқпен секіру. Бағытты өзгерте отырып жүру және жүгіру. Биіктігі – 20 см, ені 20 см гимнастикалық сәкінің үстімен жүру. Мақсаты:тепе-теңдікті, қимыл үйлесімділігін сақтау дағдыларын қалыптастыру. 2.Дене шынықтыру Тақырыбы: «Күлкіден шуақ шашылған» Негізгі қимылдары: допты еденге лақтырып қағып алу. Биіктігі 10 см заттың үстінен екі аяқпен секіріп түсу. Мақсаты:тыныс алу гимнастикасын қолдана отырып, жаттығуларын орындауға қызығушылықтарын қалыптастыру; майтабан профилактикасы. 3.Дене шынықтыру Тақырыбы: «1, 2, 3, 4, 5 – көгалда біз ойнаймыз» (ауада) Негізгі қимылдары: 17 метр қашықтыққа жылдам қарқынмен жүгіру. Жіп үстінде бір аяқтың өкшесін екінші аяқтың бақайына тіреп жүру. Екі аяқпен 6 жіптің (әрқайсысынан кезекпен) үстінен секіру. Мақсаты:Көзге арналған «Шегіртке» гимнастикасын, «Жәндіктер» қолға арналған массажын қолдана отырып, дене жаттығуларын орындауға қызығушылықтарын қалыптастыру.	Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: «Қуыршақ Әйгерімнің бөлмесі» Мақсаты: Тәрбиешінің сұрақтарына жауап беруді үйретуді жалғастыру. Жиһаз сөздерді қатыстырып, сөйлем құрату ауызекі сөйлеу тілін дамыту. Достарының, ілкендердің айтқанын аяғына дейін тыңдауға тәрбиелеу. Көркем әдебиет Тақырыбы:«Айна» (халық ертегісі) Мақсаты: балаларды ертегіні түсініп, мазмұнын мәнерлі айтуға үйрету, сөйлеуге, әңгілмелей білуге үйрету. Балаларды ертегі желісі арқылы адамгершілікке баулу.	Математика негіздері Тақырыбы: «Біреу – көп. Бір-бірден, бірде - біреуі жоқ» Мақсаты: «Көп», «біреу», «бір-бірден», «бірде-біреуі жоқ»ұғымдарын ажырату дағдыларын жетілдіру, балалардың заттардың саны туралы білігін бекіту және қорытындылау, сөйлегенде жиынтықты: «біреу», «көп», «бірде-біреуі жоқ», «бір-бірден» сөздерімен бере білу білігін жетілдіру; логикалық ойлауын дамыту; балалар арасында достық қарым-қатынасқа, оқу қызметіне қызығушылығын тәрбиелеуді жалғастыру. Жаратылыстану Тақырыбы: «Құм және сазбалшық» Мақсаты: Құм мен сазбалшықтың қасиеттері туралы түсінік қалыптастыру.Тәжірибелік жұмыстардың қарапайым тәсілдерін үйрету. Жансыз табиғатқа деген қызығушылығын ояту.	Сурет салу Тақырыбы: «Машина» Мақсаты: Машина жайлы түсініктерін кеңейту. Айнала қоршаған ортадан көргендерін, алған әсерлерін бейнелеу іс-әрекетінде бере білуге жаттықтыру. тік төртбұрыш, дөңгелек пішіндерден тұратын заттық сурет салу дағдыларын қалыптастыру. Ұқыптылыққа, әдемілікке үйрету. Музыка Тақырыбы: «Қуыршақ Айжанмен билейміз» Мақсаты: Баяу, жай сипаттағы әннің мазмұны мен көңіл күйін, қарқынын тыңдап ажыратуға, әнді дыбыстардың биіктігіне қарай хормен орындауға баулу; би қимылдарының қарқынын өзгерте отырып мәнерлі билеуге дағдыландыру. Музыка тыңдау:«Бесік жыры» Ж. Тұрсынбаев, Е. Өтетілеуұлы. Ән айту: «Қайсы екен?» Б. Дәлденбай, А. Меңжанова. Мүсіндеу Тақырыбы: «Пирамида» Мақсаты: Пирамида ойыншығы туралы түсініктерін кеңейту. Бөліктерді біріктіре отырып, бейне құрастыру дағдыларын дамыту.	Қоршаған ортамен танысу Тақырыбы: «Жәндіктер әлемі» Мақсаты: жәндіктер әлемімен таныстыру; ара, құмырсқаның өзіндік ерекшелігімен таныстыру; балдың денсаулыққа пайдасы туралы, құмырсқаның еңбекқорлық қасиетін түсіндіру; жәндіктерге деген қамқорлық сезімін тәрбиелеу;

2-апта	Табиғаттың гүлденуі	1.Дене шынықтыру Тақырыбы: «Епті тышқандар» Негізгі қимылдары: диаметрі 15 см допты жіп арқылы екі қолмен бастан асырып лақтыру. Биіктігі 10 см заттан екі аяқпен секіру. Мақсаты: допты арқан арқылы лақтыру дағдысын қалыптастыру. 2.Дене шынықтыру Тақырыбы: «Африка-дан келген қонақтар» Негізгі қимылдары: гимнастикалық қабырғаға мініп-түсу. Диаметрі 15 см допты екі қолмен тор арқылы бастан асыра лақтыру. Мақсаты: гимнастикалық қабырғада өрмелеу дағдысын қалыптастыру. 3.Дене шынықтыру Тақырыбы: «Көктем келді күлімдеп» (таза ауада) Негізгі қимылдары: жұптасып жүру және шашыла жүгіру. Көлбеу жазықтықтан допты домалату. Бір-бірінен 15 қашықтықта қойылған кірпіштің үстімен жүру. 3 дөңгелекті велосипед тебу. Мақсаты: велосипед тебу дағдысын қалыптастыру.	Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: «Біз дәрігерде қонақта болдық» Мақсаты: Балаларды медициналық бөлмелермен таныстыру. Балалардың сөздік қорын молайтуды жалғастыру, «қ», «т» дыбыстарын айтуды, дауыс екпінін өзгерте білуді бекіту. Дәрігердің, үлкендердің айтқанын аяғына дейін тыңдай білуге баулу. Орыс тілі Тема: «Продукты питания» Цель: Первоначальное накопление и активное усвоение новых лексических единиц по теме. Формирование умений и навыков согласовывать прилагательные с существительными в роде и числе (большая чашка, маленькие тарелки и т.д.). Развитие логического мышления, внимания и памяти.	Математика негіздері Тақырыбы: «Ұзын – қысқа. Кең – тар. Қалың – жұқа. Биік – аласа» Мақсаты: екі қарама-қарсы және бірдей заттарды ұзындығы, ені, биіктігі мен жуандығы бойынша салыстыра білуді бекіту. ұзындығына, биіктігіне, еніне және қалыңдығына қарай салыстыруды жалғастыру; салыстыру нәтижелерін: ұзынырақ– қысқарақ, қалың – жұқа, биік – аласа, кең – тар – сөзбен айту; салыстыру арқылы ойлау дағдыларын арттыру. Педагогтің нұсқауын дұрыс орындауға, ұқыптылыққа тәрбиелеу. Жаратылыстану Тақырыбы: «Бақбақ пен қызғалдақты салыстыру» Мақсаты: Көктемнің алғашқы гүлдері туралы түсінік қалыптастыру; олардың негізгі бөліктерінің атауларын дұрыс атауға үйрету. Есте сақтау, байқампаздық және ойлау қабілетін дамыту. Балаларды табиғатты аялауға, қоршаған ортаға мейірімді болуға, қоршаған ортаның сұлулығын қызықтай білуге үйрету. Құрастыру Тақырыбы: «Трамвай» Мақсаты: құрылыс материалдарынан трамвай құрастыра білуге, құрылыс материалдарын құрылымына сәйкес орналастыруды үйрету, көлік түрлерінің айырмашылығын түсіну.	Сурет салу Тақырыбы: « Балапандар көк шалғында» Мақсаты: Көк шалғындағы балапандар жайлы түсініктерін жетілдіру, сөздік қорларын жетілдіру, қылқаламды пайдаланып, үзік сызықтарды қосу арқылы сурет салуға қызығушылықтарын арттыру, эстетикалық талғамын дамыту. Музыка Тақырыбы: «Қуыршақ Айжанмен билейміз» Мақсаты: әнді дыбыстардың биіктігіне қарай хормен орындауға баулу; би қимылдарының қарқынын өзгерте отырып мәнерлі билеуге дағдыландыру. «Кәне, қызық ойын бар» (эстон халық әуені, сөзін жазған Ю. Энтин, ауд. И. Сапарбай) қайталау. Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар: «Түсті шашақпен би» А. Жилинский. «Бөбектер биі» К. Қуатбаев «Жай және қылдам» Музыка Тақырыбы: «Көңілді би» Мақсаты: Музыкалық шығарманы эмоциямен қабылдап, еске сақтауға; ән айту барысында шығарманың көңілді сипатына сәйкес сүйемелдеумен ән салуға үйрету; көңілді әуенге жұптаса отырып би қимылдарын орындауға баулу. Музыка тыңдау: «Илигай» халық әні, өңдеген Б.Дәлденбай. Ән айту: «Біз бақытты баламыз» А. Айтуова. «Қайсы екен?» Б. Дәлденбай, А. Меңжанова	
--------	---------------------	--	---	---	--	--

3-апта	Жәндіктер. Қосмекенділер.	1.Дене шынықтыру Тақырыбы: «Көгалға шығамыз, көңілді ойнаймыз» Негізгі қимылдары: жоғарыда ілініп тұрған затқа қолын тигізіп биіктікке секіру. Ені – 25 см, ұзындығы 2,5 м тіке жолмен жүру және жүгіру. Мақсаты: жоғары қарай секіріп, затқа қолды тигізу затқа қолын дағдысын бекіту. 2.Дене шынықтыру Тақырыбы: «Ойын-шыққа толы сандық» Негізгі қимылдары: 2 метр қашықтықтан тұрып допты бір-біріне домалату. Жоғарыда ілініп тұрған затқа басын тигізіп, биіктікке секіру. Мақсаты: допты бір-біріне домалату дағдыларын қалыптастыру. 3.Дене шынықтыру Тақырыбы: «Біз саяхаттауды ұнатамыз» (таза ауада) Негізгі қимылдары: жылдам қарқынмен 20 метр қашықтыққа жүгіру. Көлбеу тақтай үстінде жүру және жүгіру. Сәкіден аттап өту және сәкінің астымен өту. Велосипед тебу. Мақсаты: жылдам қарқында жүгіру дағдысын қалыптастыру.	Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: «Ғажайып қалта» Мақсаты: Диалогтік сөйлеуде сөздерді дұрыс, анық айтуға, сұраулы сөйлемдерді дауыс интонациясын сақтап, дұрыс айтуға жаттықтыру. Сөйлем қарқынын өзгерте білуге үйрету. Ойыншықтарды күтіп, ұқыпты, таза ұстауға тәрбиелеу. Көркем әдебиет Тақырыбы: «Ана» (өлең) Мақсаты: Қазақстан Республикасындағы мерекелер туралы білімдерін қалыптастыру, анаға деген құрметін, балалық сезімдерін сөз арқылы жеткізе білуді дамыту. Аналар еңбегін қадірлеуге тәрбиелеу.	Математика негіздері Тақырыбы: «Алыс – жақын. Биік – аласа. Сол жақ – оң жақ» Мақсаты: өзіне тікелей жақын кеңістік бағдарын анықтау, оң және сол жағын ажыратуды үйретуді жалғастыру; осы терминдерді сөйлеген кезде қолдану білігін бекіту; жапсырмамен жұмыс дағдысын дамыту; ойлау белсенділігін, елестетуін дамыту, мұқияттылығын, бір- біріне көмекке даярлығын тәрбиелеу. Жаратылыстану Тақырыбы: «Көк майса шөп» Мақсаты: Шөп пен гүлдейтін шөптесін өсімдіктер туралы түсінік қалыптастыру. Қарапайым тәжірибе-зерттеу жүргізе білу дағдыларын қалыптастыру. Балалардың экологиялық сана-сезімін дамыту.	Сурет салу Тақырыбы: «Алжапқышты әшекейлейміз» (киімнің жиегіне ұлттық ою-өрнек салу.) Мақсаты: Балалардың алжапқыш туралы түсініктерін жетілдіру. Алжапқышты ұлттық ою-өрнектермен әшекейлеуді үйрету. Іскерлік дағдыларды қалыптастыру, алжапқышты әдемілеп әшекейлеу арқылы эстетикалық талғамын дамыту. Музыка Тақырыбы: «Көңілді би» Мақсаты: ән айту барысында шығарманың көңілді сипатына сәйкес сүйемелдеумен ән салуға үйрету; көңілді әуенге жұптаса отырып би қимылдарын орындауға баулу. Музыка тыңдау: «Илигай» халық әні, өңдеген Б.Дәлденбай. Ән айту: «Біз бақытты баламыз» А. Айтуова. «Қайсы екен?» Б.Дәлденбай, А.Меңжанова Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар: «Кел, билейік» Ө. Байділдаев («Билеп үйренейік» жинағынан). «Түсті шашақпен би» А. Жилинский (қайталау). «Пойыз» К. Қуатбаев, Ж. Смаков. Жапсыру Тақырыбы: «Көгалда серуендеген балапандар». Мақсаты: үй құстары туралы білім беру; балапанның қайдан шығатыны туралы түсініктерді қалыптастыру; желімсіз аппликация дағдыларын қалыптастыру; ұқыптылыққа тәрбиелеу.	Қоршаған ортамен танысу Тақырыбы: «Жәндіктер әлемі» Мақсаты: жәндіктер әлемімен таныстыру; ара, құмырсқаның өзіндік ерекшелігімен таныстыру; балдың денсаулыққа пайдасы туралы, құмырсқаның еңбекқорлық қасиетін түсіндіру; жәндіктерге деген қамқорлық сезімін тәрбиелеу.
--------	---------------------------	--	--	---	---	--

4-апта	Жаз да келді көңілді	1.Дене шынықтыру Тақырыбы: «Ормандағы соқпақ жолмен жүру» Негізгі қимылдары: бір-бірінің қолынан ұстап шеңбер бойымен жүгіру. Иректеліп қойылған жіптің бойымен жүру. Допты екі қолымен кеуде тұсынан лақтыру. Мақсаты:қол ұстасып, айнала жүгіру дағдыларын қалыптастыру. 2.Дене шынықтыру Тақырыбы: «Сәуле әженің сыйлықтары» Негізгі қимылдары: биіктігі 10 см заттың үстінен екі аяқпен секіру. Бағытты өзгерте отырып жүру және жүгіру. Биіктігі – 30 см, ені 20 см гимнастикалық сәкінің үстімен жүру. Мақсаты:заттан секіру дағдысын қалыптастыру 3.Дене шынықтыру Тақырыбы: «Денсаулық еліне пойызбен саяхаттаймыз» (таза ауада) Негізгі қимылдары: оң және сол қолдарымен қашықтыққа лақтыру. Еденде жатқан шеңберге секіруге жаттықтыру, екі аяқпен бір мезетте итеріліп, бақайының басымен секіріп түсе білуді бекіту. Мақсаты:алысқа лақтыру және құрсауға секіру дағдыларын бекіту.	Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: «Сипаты бойынша таны» Мақсаты: Ойыншықты сипаттау арқылы қысқа әңгіме құрастыра білуге үйрету. Ойыншықтарды сипаттау арқылы сөздік қорларын толықтыру. Ойыншықтарды күтіп, ұқыпты, таза ұстауға тәрбиелеу. Орыс тілі Тема: «Транспорт» Цель: Обобщение и повторение лексических единиц по теме «Транспорт»; учить называть наземный транспорт и его части. Расширить словарный запас детей.	Математика негіздері Тақырыбы: «Геометриялық пішіндер» Мақсаты: геометриялық пішіндер туралы білімдерін бекіту: шеңбер, шаршы, үшбұрыш, геометриялық пішіндер үлгілерін кимақағаздағы бейнесінің үстіне салып қарауға жаттықтыру; қоршаған ортадан басқа да геометриялық пішіндеріне ұқсайтын заттарды таба білуге үйретуді жалғастыру; геометриялық пішіндер белгілерін ажырата білу және атау білігін бекіту; пішінді оң қолымен алып, солдан оңға қарай қойып шығу білігін дамыту; «теңбе-тең» сөзін қолдануды үйрету бақылағыштығын, назар аударуын тәрбиелеу. Жаратылыстану Тақырыбы: «Табиғатты қорға» Мақсаты: Адамдардың табиғатқа қалай көмектесе алатынын еске түсіру. Ойлау, қиялдау қабілетін дамыту. Әлсіздерге, қорғансыздарға көмектесу, табиғатты аялауға деген құштарлығын нығайту. Құрастыру Тақырыбы: «Бақбақ» Мақсаты: қағазбен жұмыс жасау дағдыларын бекіту, түрлі-түсті қағаздарды пайдалана отырып бақбақ гүлін жасай білуге үйрету, жырту, шиыршықтау тәсілдерін меңгерту.	Сурет салу Тақырыбы: «Кірпіге арналған әшекей» (алмалар, саңырауқұлақтар). Мақсаты: Кірпіге арналған әшекей (алма, саңырауқұлақтар) салуға қызығушылықтарын арттыру, бояумен сурет салу дағдыларын бекіту. Қағаз бетіне езілген бояуды жүргізу арқылы толық бояуға қызықтыру. Эстетикалық талғамдарын арттыру. Музыка Тақырыбы:«Ғажайып сылдырмақтар» Мақсаты: Көңілді әуенді тыңдап, сипатын анықтай білуге, дыбыстарды биіктігіне қарай ажырата отырып хормен бірге қосыла ән айтуға; жұптаса отырып таныс би қимылдарын өз беттерінше орындауға үйрету; көңілді сипаттағы әуенді ойын арқылы музыкаға қызығушылығын арттыру Музыка тыңдау: «Латыш халық әні» А. Жилинский. Ән айту: «Біз бақытты баламыз»А.Айтуова Музыка Тақырыбы:«Ғажайып сылдырмақтар» Мақсаты:хормен бірге қосыла ән айтуға; жұптаса отырып таныс би қимылдарын өз беттерінше орындауға үйрету; көңілді сипаттағы әуенді ойын арқылы музыкаға қызығушылығын арттыру. Музыка тыңдау: «Латыш халық әні» А. Жилинский. Ән айту: «Біз бақытты баламыз»А. Айтуова Таныс әндерді еске түсіру, қайталау. «Қайсы екен?» Б. Дәлденбай, А. Меңжанова. «Ойыншықтар И. Нүсіпбаев, Н. Әлімқұлов. Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар: «Кел, билейік» Ө. Байділдаев («Билеп үйренейік» жинағынан).	
--------	----------------------	---	---	---	---	--